# АҚМЕШІТ жастары

Қызылорда облыстық жастар газеті

6+

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

№ 26 (511)
1 шілде, 2023 жыл


*Жаннан қымбат оларға ар,*
*Мен жастарға сенемін.*
***Мағжан***

◀ 2 ШІЛДЕ – ДОМБЫРА КҮНІ

## ЖАС ЖУРНАЛИСТЕР МАРАЛАТ ТӨРІНДЕ

**Есімде. Алғаш журналистикаға қадам басқан шақ. Университет табалдырығында жүріп, жастардың ұстаханасына айналған «Ақмешіт жастары» газетінде шыңдалып-шыраулы мүмкіндік алып, еңбек жолымды осында бастадым. Ақпарат әлемінің маманы болуға асыққан уақытта жол сілтеген жанның бірі – әріптесім Сара Омарова еді. Бұл басылымның ерекшелігі, мұнда лауазымды қызметтер бөлінгенімен, жеме-жемге келгенде бәрі бірігіп бір тәрінің пұшпағын илеуге кірісіп кететін. Аптасына бір шығатын газетке кейде материал жетіспей діңкелетеді. Бір нәмірді жарыққа шығарып, мәндай тәрінді суртемін дегенше келесі сан алдыңнан көлденеңдеп тұрады. Бұл кезде өзіне тапсырылған қандай да істі тиянақты атқарып, жұмысқа бел буа кірісе кететін Сараның орны редакцияда әр күн сайын сезілетін...**

Сарамен бірге жұмыс істеген уақыттан бастап қойын-қолтық арапасып, сырлас құрбыға айналдық, бірге пәтер жалдап тұрдық. Ортақ армانымыз бар еді. Тіздетін баспана бақытын сезіну оның арманы болатын. Бірде жұмыстан келіп, шай үстінде «Бүгін банкке ай сайынғы жарнамды салдым, сен не қылдың? Бір уақытта үй алып, бірге қоныстой жасайтын болайық!» деді жымиып. Содан соң ағасы есік қағып, екеуі ауылына қарай бет алды. Кетерінде «Ауылдың дәмін әкелемін, күт мені» деген еді...

Әлі есімде. Қазан айының аяғы болатын, кешқұрым суыт хабар жетті. Сара сол күні ағасы екеуі жол апатына ұшырап, тіл тартпай кетті. Сүйікті Сарамды енді көрмейтініме сене алмай, алпыс екі тамырыма у тарағандай күй кештім. Терезе жақтауында отырып, қыршыннан кеткен құрбымның ажал алдындағы ақырғы сөзі қандай болды екен деген ойға шомдым. Бәлкім, ақиқат болған шығар, себебі ол шындықты жақсы көретін, сабырды ғана серік ететін. Әрі қарай ешкіммен сөйлескім де келмеді. Бөлмемде жалғыз қалуым – оған деген қиыстық сезімім еді.

Көңілге демеу болатыны, бүгінде Сыр өңірінде Сараға еліктейтін жас жетерлік. Мұны жақында «Ақмешіт жастарының» 10 жылдығына орай Сараны еске алуға арналған байқауда байқадық. «Абай Дәулет» серіктестігінің және Сараның топтастарының қолдауымен өткен «Ең үздік жас журналист» байқауында 30-дан аса жас бақ сынады. Қатысушылар жастардың өзекті мәселесін әрқайсысы өзгеше қаузаған. Қорытынды шарада жүзден жүйрік шыққан үздіктер марапатталып, арнайы Алғыс хатпен және қаржылай сертификаттармен марапатталды.

Қазылар алқасының шешімімен арнайы жүлдені облыстық «Qyzyl-orda» телеарнасының тілшісі Дәулет Сағит, бас жүлдені облыстық «Сыр бойы» газетінің тілшісі Биболат Сәтжан иеленді. І орын Айдар Сай-лауовқа бұйырса, ІІ орынмен өңірлік коммуникациялар қызметінің маманы Нұрай Ақжігіт марапатталды. ІІІ орынды республикалық «Халық» газетінің тілшісі Азамат Абимолда еншіледі. Сараның анасы Базаркүл Әлішерова ұйымдастырушыларға алғыс айтып, риза-шылығын білдірді.

Алда мерейтой, алға жоспар да көп. Бірақ шарамызды әріптесіміз Сараның есімін дәріптеуден бастағанымыздың өзі бізге жігер береді. Сараны осылай еске алып, құран бағыштап, естелік жазғанған басқа қолымыздан ешнәрсе келмейді. Бірақ, құрбым, өмірден өткенінмен, көңілден кетпейсің, мәңгілік ата-анаңның, бауырларынның, достарыңның, әріптестеріннің, Сыр халқының жүрегінде қаласың!

**М.ҚАЛЫМБЕТ**

**– Күй саласында сегіз жыл оқығаныңыз рас па?**

– Иә, күй саласында сегіз жыл оқыдым. 2005-2009 жылдар аралығында Қызылорда қаласындағы Қазанғап атындағы музыкалық жоғарғы колледжінде оқыдым. Сондай-ақ, 2009-2013 жылы Астана қаласындағы Қазақ ұлттық өнер университетін тәмамдадым. Екі оқу орнында да күй саласы, домбыра мамандығы бойынша білім алдым.

**– Өзіңіздің төл туындыларыңызды, күйлеріңізді атап шықсаңыз. Оның тарихына тоқталып өтсеңіз...**

– Осы уақытқа дейін көбінесе ән жаздым. Бір композитор ағамыздың 200-ден аса әні бар екен. Бірақ, соның 10-15-тей ғана әні елге кеңінен таралған екен. аманат деп сезініп жазған күйім. Өздеріңіге белгілі, тәжді вирус талай адамның өмірін жалмады. Қапияда атақты композитор Кеңес Дүйсекеев сынды аға бүын өкілдерінен айырылып қалдық. Сол уақытта бір күй шықты. Оның атауы әлі қойылмады. Алғашында ән етіп шығарғаныммен жараспады, терме етіп айтармын деген оймен мақамға салдым ойдағыдай болмады. Сонымен күй ретінде жарық көрді.

Шығармашылығыма келетін болсам, басым көпшілігі ән, 3-4 күй және 4-5 мақам бар. Мақам жазу да қиынның қиыны.

## ӨНЕРДІҢ ЖҮРЕГІ

**Күйдің құдіретті, домбыраның қасиетті екеніне ешкім талас айтпас. Домбыраның үнінде дала дүбірі, қос ішегінде тарихтың тілі сөйлеп жатады. Ал күйді тәгілте орындап, көңіл пернесін түртетін күйшілердің орындауы қандай ғажап десеңші! Құлақ құрышын қандырар күй күмбірлей түскенде жан сарайың ашылып, толқыныс пен тыныштық сезімін қатар сезінесің. Осы орайда өнерді жаныңа серік еткен сері Үкітай Ерниязовпен әңгіме өрбіткен едік.**

## ТОҚТАМАСЫН

«Демек мен ел ұнатқан, халыққа таралған 10-15 қана ән жаздым» дейтін көрінеді. Сол ағамыз айтпақшы, менің де 300-ден астам әнім бар. Бірақ елге таралғаны 15-20 шақты шығар. Сондықтан өзімді композиторымын немесе күйшімін деп айтпаймын. Күйшімін деудің салмағы ауыр, жауапкершілігі жоғары. Себебі күй саласы – үлкен өнер. Домбырашымын дегенім дұрыс шығар. Күйші деп көптеген күйді жатқа біліп, өз жанынан күй шығарып, оны жүрегімен сезінетін адамды айтады. Кейде өнер иелерінің дәреже-деңгейін ажырата алмай, бірінің атауын біріне таңып, шатастырып жатамыз. Өнердің парқын түсініп, байыбына бара алғандықтан «өзім-өзім» деп кеуде қағудан аулақпын.

Күй шығару өте күрделі. Саусақпен санарлық 3-4 күйім бар. Соның бірі – «Қаршыға». Бірде жол жүріп бара жатқанымда Қаршыға Ахмедяровтың өмірден өткенін естідім. Сыйлас ағаның қазасы көңілімді күңірентіп қойды. Студент кезімде емтиханда, концерттерде күйін көп орындайтынмын. «Қаршыға» атты күйім де сол негізден туындады. Сонымен қатар колледжді ұстазым, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы, «Халық музыкасы» факультетінің деканы Төлепберген Тоқжанов, Қазақ ұлттық өнер университетінде күй сабағынан берген Орынбай Дүйсен мен Қаршыға Ахмедяровтың күйлерін көп орындайтынмын. Үшеуінің де шығармашылығы бір-бірінде тән, өзара үйлесім тапқан ұқсас екендігін аңғардым. Осылайша, тұлға деп таныған ұстаздарымның құрметіне «Тұлғаларға» атты күй шығардым. Одан кейінгісі – «Аманат» деп аталды. Күй, жыр, дәстүрлі ән өнері бабадан қалған асыл мұра, Мен өзімді қинап ән жазып, күй шығарған емеспін. Меніңше, көңіл құбылып, жүрек тебіреніп, жан толқынысы буырқанған шақта жазылған шығарма ғана өміршең болады. Ақкорд қуалап, «осындай стильде ән шығарып тастайыншы» деп әуен жазғым келмейді.

**– Өнер немесе музыкатанушы деген арнайы дипломы жоқ жандар домбыра шанағында жасырынған саздың сөзін қалай оқыды?**

Күй – дәуір айнасы, тарих таспасындағы ұлы оқиғаның бәрі домбыраның қос ішегінде біте қайнасып жатыр. Кез келген күйді алып қарасаңыз түпкі мәнінде тарих, астарында зор мән бар. Демек қандай да бір шығарма түрлі тақырыпта түзілгін, алуан себептен туындағанын бағамдауға болады. Бұрыннан тұрмыс-тіршілікке, өмір келбетіне байланысты күй сөйлесудің құралы болған тәрізді. Бірі ет жақынынан, бірі елінен айырылғанда «ел айырылған» деген күйлер шыққан. Ол күй қол кездегі жоқтауға құрылған. Жоқтауда да әуен бар.

**– Кезінде көзі ашық, білімді деген Еуропа өз музыканттарының сырлы сазын ағында дұрыс түсіне алмағаны туралы екініп жазады. Нотаның не екенін білмек түгілі естімеген қазақ күйшілердің сазын сол уақытта бірден түсінген. Ал қазір күйді түсінетіндердің қатары кеміп, тыңдайтындардың өзі сиреп қалғандай. Неліктен?**

– Бүгінде эстрада жанрының қосылғаны бар, басқасы бар, сырт елге еліктеушілік бар. Соның салдары өнерді түсінбеуге, әсіресе, күй тыңдауға деген құлшынысты төмендеткендей. Бастысы, үлкен өнерді елтіріп алмасақ деймін.

**– Әдемі әңгімеңізге рақмет!**

**Әңгімелескен**
**Замира ҚОНЫСЖАН**

## «СЫР ДАРЫНЫ» – ҮЗДІКТЕР МЕКЕНІ

**Аймақтағы білім беру ісін жетілдіруде «Қамбаш» олимпиадалар және қосымша білім беру орталығының үлесі зор. Арал ауданында орналасқан орталық өткен жылдан бастап «Сыр дарыны» оқу-жаттығу жиынын өткізіп келеді. Бүгінде жобаға 7-10 сыныптардан іріктеліп алынған 480 оқушы қатысып жатыр. Олар жаратылыстану ғылымы саласындағы информатика (робототехника), география, химия, физика, биология және математика пәндері бойынша терендетілген білім алып, олимпиадалар мен түрлі байқауларға қатысып, облыстың білім көкжиегін дамытуға өз үлестерін қосуда.**

– «Қамбаш» пансионаты бір мезгілде 120 оқушыны қабылдауға қауқарлы. 7-10 – сынып аралығындағы дарынды оқушылар жатын орын, 5 мезгіл тамақ, келіп-кету жолақысымен қамтылған. Жастар жоғарыда аталған пәндер бойынша топ-топқа бөлінген. Сабақтың жыл бойғы ұзақтығы 210 сағатқа тең. Қазіргі жұмысымыз балалардың болашағына ықпал етері сөзсіз. Біздің орталықта ҰБТ-ға дайындалып кеткен оқушылардың алды шетелде білім алуда. «Сыр дарыны» оқу-жаттығу жиыны жыл сайын дәстүрлі түрде өткізіліп тұрады. Балалардың білім алуына бар жағдайды жасап жатырмыз. Тіпті, смартфондарын жинап алып, тек қажетті жағдайларда ғана қайта береміз, – дейді «Қамбаш» олимпиадалар және қосымша білім беру орталығының директоры Рахан Қалиев.

Мұнда оқудан бөлек, суға түсу бассейні, үстел теннисі, сурет салу кабинеті секілді бос уақытты тиімді пайдалануға тамаша мүмкіндік қарастырылған. Оқушылар таңғы ауаның жұпарымен көл жағасында жаттығу жасайды. Кешкі серуенге де шығып, бір сәт көңіл көтереді. Он күн ішінде оқумен ғана шектелмей, қызықты шаралардың өткізілуі оқушының санасына серпіліс беріп, көңілін көтереді. Кешкілік уақытта Қамбаш көлінің жағасына жиылып, алауды айнала қоршаған балалар өлең оқып, ән айтып, бір-біріне жылы лебізін арнайды.

– Математика пәнінен мұғалім болуды қалаймын. Ұлттық бірыңғай тестілеуден жоғары балл еншілеп, жоғары оқу орнына түсіп, ұлы математиктерді даярлайтын ұстаз болғым келеді. Осы ретте «Сыр дарыны» оқу-жаттығу жиынына алғыс білдіргім келеді. Білікті мамандардан білім алып, дарынды оқушылармен тәжірибе алмасып, жақын дос таптық. Қосымша үйір-мелерге қатысып, білімімізді жетілдірудеміз, – деді Жалағаш ауданы №123 мектептің 10 сынып оқушысы Эльмира Доспанова.

**Берен ШАҒЫРОВ**

## CARTER'S, УЛЬРИХ БЕК ЖӘНЕ ЖАСТАРДЫҢ «ЖАН АУРУЫ»

**Жастарды толғандыратын ең өзекті мәселе не? Бүгінгі жастар болашақтың иесі бола ала ма? Шынында, ешкім бүгінгі жастар қандай екенін анық білген емес. Себебі бұрынғылар өткенді аңсайтын. «Бала үшін ең ізгі мұрат – әке жолын жалғау» дейтін. Тарихтың қайталанатынына, әлем спираль тәрізді дамитынына сенетін. Бүгінгіден де жарқын болашаққа, прогресске емес, тұрақтылыққа ұмтылатын.**

Одан кейінгі буын жастарға болашақтың жобасы ретінде қарады. Олар үшін жастар жай ғана ертеңгі алып құрылысқа қажет материал болды. Ал қазіргі аға буын осы идеологтар мен модернистердің барлық ұстанымдарын жоққа шығарды. Сейте тұра, жастардың жеңілеген мәселелері тұрмақ, жастар деп аталатын жалпы ұғымға қатысты бірік ұстаным жоқ.

Әйтпесе жастар саясаты туралы айтпастан бұрын, жастардың өмірін жақсартуға бағытталған жобаларды қолға алмай тұрып, олардың өмірі шын мәнінде қандай екенін жақыннан көрген, олардың жан әлемінде үнілген дұрыс болар еді. Себебі жастардың жүрегіне жол таба білген елдің ғана болашағы бар. Бұл – қоғам өмірінің жазылмаған заңы десек те болады.

Бірақ елімізде жастардың жеңілеген мәселелеріне қоғамда сілкініс тудырған оқиғалардан кейін ғана көңіл бөлінін жүргені жасырын емес. Айталық, былтырғы қаңтар сілкінісінен кейін елімізде жастар саясатын тиімді жүзеге асырып отырған бірде-бір институттың жоқтығы ресми түрде мойындалды. Немесе, сәуірде Қазалы ауданында болған оқушылар төбелесі қоғам талқысына түскеннен кейін ғана тәрбие мәселесіне шындап көңіл бөліне бастады.

Мұның барлығы – қоғамның реакциясы, яғни, салдармен күресу ғана. Анығында, жастар проблемасы тереңірек үңілуді, қоғамдық сананың өзгеруін талап ететін түйткіл болып отыр. Бұл ретте әлі күнге дейін ашық дискуссияларда талқыланбаған, назардан тыс қалып отырған жайттар бар.

Біріншіден, қалай десек те, бүгінгі жастар – тәуелсіз Қазақстанның өнімі. Демек, оларға қатысты күрделі мәселелер де қазіргі жастар «тәуекелдер қоғамында» өмір сүруге мәжбүр. Қазіргі жастар «тәуекелдер қоғамы» деп аталатын Яғни қоғам өзінің бүкіл өмірін тәуекелдерді азайту мүмкіндігі ретінде ғана қарастырып отыр. Тәуекелдер қоғамы түсінігі 1990-жылдарынан бастап кеңінен қолданылса бастады. Оған немис социологы Ульрих Бектің «Тәуекел қоғамы» атталатын кітабы себеп болған еді.

Ульрих Бектің теориясын біздің жағдаймен салыстырсақ, қазақ қоғамы күні кеше ғана Абай облысында бір апта бойы лаулаған, 14 адамның өмірін қиған алапат орман өрті сияқты апаттарды, үш жыл бұрынғы қазақтарды пандемиясы секілді ауруларды. Бірақ осы апаттарға, алдын-ала болжай алмайды. Қоғанысқа саласын күшейтіп, тәуекелдерге жауап беру тұрғысынан өмірді онтайландыра алады. Қоғанысқа жолға қоя алады. Әрине, жеделдеу жұмысын дұрыс жолға қоя алады. Ал, мұның бәрі өте маңызды.

2 бетте

# CARTER'S, УЛЫРИХ БЕК ЖӘНЕ ЖАСТАРДЫҢ «ЖАН АУРУЫ»

*Жалғасы. Басы 1-бетте*

Бірақ мұндай қоғамның ең негізгі проблемасы – түпкі мақсаттың тек қауіпсіздік болуында. Жастар мәселесінде де олардың әлеуметтік қауіпсіздігі басым бағыт ретінде қаралады. Ал мәселе бірде-бір онды саяси бағдарламаның жоқтығында болып отыр. Бұл бағытта қандай да бір ұтымды ұсыныс бар деп айту қиын. Болашаққа батыл қадам басуы тиіс жастар үшін шындап келгенде ең болмаса алдағы бес жыл өмірін елестету мүмкін емес. Ал жастарға қатысты саясат қоғамды тәуекелдерді оңтайландыру бағытында дамытамыз деген уәде ғана бере алады.

Мысалы, «Prague Civil Society Centre» халықаралық ұйымы жүргізген зерттеулерге сүйенсек, қазақстандық жастар ең өзекті деп санайтын проблемалар қатарында баспананың қолжетімсіздігі, сапасыз білім беру, жұмысқа орналасудың қиындығы секілді мәселелер бар. Бұл мәселелердің әлі күнге дейін ушыққан күйінде қалып отырғаны жастар арасында азаматтық белсенділік деңгейін де төмендетері белгілі. Осы мәселелерге тап болған жастарды қоғам тек белгілі бір маманға сілтей алады. Қарапайым тілге көшірсек, «бұл мәселе бойынша анда барасың, сол жерде мамандар бар» деген сияқты.

Қоғам үшін ең жоғарғы мақсат ендігі жерде «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» керемет заман емес, тәуекелдерді азайту ғана болып отыр. Сәйкесінше, психологтар, отбасы мәселелері бойынша кеңесшілер, гештальттерапевтер мен коуч-тренерлер көбейді. Олардың барлығы бірдей жан жарасын, «психологиялық травмаларды» емдеумен айналыса бастады. Өйткені өмір психологиялық жарақаттардан тұрады деген ұғым қалыптасты. Жастар арасында суицид, депрессия сияқты психологиялық ауытқулардың романтизациясы белең алды.

«Wisevoter» ұйымының есебіне сәйкес, жыл басындағы жағдай бойынша суицид статистикасында Қазақстан 178 елдің ішінде 19-шы орында. Елімізде 100 мың халыққа шаққанда, 17 адам өзіне қол салады екен. Білім беру сапасын қамтамасыз ету комитетінің мәліметінше, қазіргі қазақстандық қоғамның ең өткір мәселелерінің бірі – балалар мен жасөспірімдер арасындағы аутоагрессивті мінез-құлық пен суицид. Республикада балалар арасында бұл құбылыстың жиілігі жыл сайын жоғарылап келеді. Мысалы, 2020 жылы 307 балалар мен жасөспірімдер суицид жасауға әрекет етсе, 2021 жылы бұл көрсеткіш 373, былтыр 309-ға жеткен.

ЮНИСЕФ есебінше, әрбір төртінші қазақстандық жас суицид туралы ойлайды және барлық суицид жағдайларының 60%-дан астамы 15-17 жас аралығындағы жастар. Екінші тәуекел тобына 25-29 жас аралығындағы жастар жатады. Статистика көрсеткендей, елімізде ауылдық жерлердегі жастар суицидке көбірек бейім. Сондықтан бұл мәселе жастарға баспананың қолжетімсіздігі, сапасыз білім беру, жұмыссыздық проблемаларынан әлдеқайда өткір әрі өзекті.

Оған қоса, селфхарм деп аталатын дерт те қазақ жастары арасында белең алып отыр. Селфхарм – адамның өз өзіне зиян келтіруі. Жастар, әсіресе жасөспірімдер өз денесін, әсіресе қолын жиі жарақаттайды. Бірақ Қазақстанда жасөспірімдердің өзін жарақаттау жағдайлары туралы ресми статистика жоқ. Себебі ата-аналар мұндай балаларды медициналық мекемелерге әкелсе, олар психиатриялық тіркеуге алынады. Дегенмен, селфхарм – қазіргі жастардың тәндегі тыртықтардан көрініс тауып отырған «жан ауруы» екені даусыз.

Мұндай үрейлі үрдіс тек бүгін және бізде ғана пайда болып отырған жоқ. 1990 жылдары Америкада психологтар «carter's» деп атаған жасөспірімдер шықты. Мүмкін, адамның өзін өзі азаптауы адамзат жаралғалы бері бар шығар. Бірақ американдық психологтар олардың әрекеті өз-өзіне қол жұмсау емесін алғаш аңғарып, бұл үрдіске дәйекті баға беруге тырысты. Өйткені өзін-өзі азаптау – психикалық бұзылыстың симптомы. Ауыр депрессиядағы, бәріне немқұрайлы қарайтын, өмірден мән таппаған адам ғана өзін тірі сезіну үшін өз тәнін жарақаттайды. Осылайша, жан дертін тән ауруына айналдырғысы, өзінің жан әлемінде болып жатқан арпалыстан басқа да өмір бар екенін сезінгісі келеді.

Когнитивті ғылымдар ерте дамыған Америка бұл құбылысқа қарсы тұруға тырысты да. Соның бір мысалы – бәрімізге таныс «Fight Club»(«Жекпе-жек клубы») фильмі. Бұл фильм белгілі бір деңгейде өз дәуірінің жалпақ тілге көшірілген психологиялық портреті, қоғамды жан дертінен айықтыру манифесі болатын.

Қоғам өзінің серпілуі, сілкінуі керегін сезіне бастады. Бірақ санадағы тұман айығып, ойдың сергуі үшін адам күнделікті өмір шындығына соқтығысуы керек болатын. Адам өмірдің қызығына алдануы тиіс еді. Сол уақыттан бастап Америкада, кейін біртіндеп бүкіл әлемде көңіл көтеру орындары көбейді. Түрлі аттракциондар, экстремалды спорт түрлері пайда болды. Адамға жай ғана өзінің өмірде бар екеніне көз жеткізу үшін өткір әмоциялар, таңданыс, қорқыныш сияқты сезімдер қажет бола бастады. Бұл ретте мәдениеттің де негізінен адамдардың сол қажетін өтеуге қызмет етіп жатқаны байқалады.

Бір сөзбен, жастар өзін өмірдің иесі сезінуі үшін үнемі қызықты немесе қорқынышты жайттарды бастан өткеруі қажет күйге түсті. Сондықтан тәуекелдер қоғамы жастар мәселесінде ең әуелі олардың жан дүниесіне үңілуі керек.

**P.S.** *Мүмкін, жастар мәселесіндегі ең түйткілді мәселелердің шешімін когнитивті ғылымдардан іздеуі керек шығар? Жастар психологиясы қоғамдағы тенденцияларды да жақсырақ түсінуге мүмкіндік берер еді. Себебі жастарды түсінуге талпыныстар, ауқымды зерттеулер тек ғылыми қызығушылық емес, сонымен қатар әлеуметтік маңызы бар бағыт. Бірақ Үкімет пен түрлі қауымдастықтар, өзге де институттар жастардың мүдделері мен қажеттілігін ескеретін бағдарламалар әзірлеуде мұндай аспектілерді назарға алмайды. Салдарынан жастар арасында қоғамға бейімделу, саналы шешім қабылдау, проблемалық жағдайлардан шығу және өмірден өз орнын табуда көптеген қиындықтар туындап отыр.*

**Биболат СӘТЖАН**

**Күн сайын жер бетінде қаншама ана құрсағындағы адамдарды өлтіріп жатырмыз. Дәл осы күнәдан су жұқтырмай шығу үшін іште жатқан адамға «эмбрион», «органогенез» деген атаулар бергенбіз. Егер біз олардың адам екенін ескерсек, жасанды түсік жасағандарды қылмыскер есебінде сотқа тартар едік. Қазіргі қоғам қылмысқа көпе-көрнеу жол беріп отыр. Бұл қадамға түсік тастатын «мифепристон», «мизопростол» деп аталатын дәрілерді құртудан бастап кірісу керек.**

# ҮНСІЗ ШЫРҚЫРАУ

## немесе дүниежарықты көрмей кеткен нәрестелер

2010 жылы ҚР Мәжілісінің депутаты Ирак Елекеев «жасанды түсік жасауға заң жүзінде тыйым салу керек» деп бастама көтерген болатын. «Бидің айтқанын құл да айтады, аузының дуасы жоқ» деуші еді, сол сөзді бидің өзі айтып тұрса да, дуасы болмады. Бұл заман бабалардың дана сөзін де далаға тастады. Адам тастап кетіп жатқандарға сөз тастап кету түк емес. Біз атаның мақалын белден бассақ, баламыз сақалын жұла ма деп қорқамын.

«Бір адамды өлтіру бүкіл адамзатты өлтірумен тең» дейтін исламның бәтуасы нетken күшті! Христиан дінінде де жасанды түсік жасауды Құдай ісіне қарсылық дейді. Он тоғызыншы ғасырда жасанды түсік жасатқандарға қатал жаза қолданылған. Ал XX ғасырда бұл тыйымдар жұмсартылып, біртіндеп өзгере бастаған. 1973 жылдан бастап АҚШ-та жүктіліктің алғашқы үш ай мерзіміндегі жасалатын жасанды түсік заңдастырылған.

Біздің айтып жатқанымыз қаталдау көріне ме? Өйткені, түсік жасаудың түрлі себебі бар ғой. Инцест, алданып қалу, денсаулығы көтермеу сияқты...

Енді мынаған назар аудара отырыңыз. Американдық дәрігер Бернард Натансон он екі апталық балаға жасалған түсікті ультрадыбысты зерттеу қондырғысы арқылы кинофильм етіп түсіріп, оны «Үнсіз шырқырау» деп атаған. Бұл фильмді көрудің өзі ауыр. Түсік жасалып жатқанда құрсақтағы қол басындай өмір иесі пышақтан қашып, жанталаса әрекет танытады. Жүрек соғысы екі есе күшейеді, алайда, соғыш-пышақ бала денесін қысып алып, пәршелей бастайды. Сол кезде оның аузы қатты шыңғырған адамдай кейіпте ашылып қалған.

Каннибал! Жейтшілдік бұл!

Осының бәріне кім кінәлі? «Осының бәріне» деп жұмсақ айтуға көштім. Өйтпесе бұл «күнадан туғандарға» деуім керек еді. Өйткені әлгі бір себептері көп қой деген сөзді де өзім айттым.

Иә, ерте жүктілік пен түсік жасату белең алып бара жатыр. Жаңсақтығынан жаныш сауғалап қалу үшін «адам өлтіретін» бойжеткендер арамызда жер басып жүр. Біз болсақ, «жастықта кім жаза баспайды» деп жұбатамыз. Енді не дейміз? Құ нәпсісін және алмайтын жігіт, арзан ләззатқа алданатын қыз, қайсысынды қалай ақтайын?

Ақтағым келмейді. Баяғының биі, бүгінгінің судьясы болмасам да, бұлай деуге менің де ақым бар. Себебі халқымның болашағына алаңмын. Осы сөзімді естіп, бірлі жарымың болса да «адам өлтірушіден» «адамсүйгіш» адамға айналсандар екен.

Ойсыз әрекеттен опық жеп, бойға біткен баладан құтылуға асықсандарға Алла сабыр берсін. Қазақ «бейшарағa не шара» дейтін.

Бір ана құрсағындағы егіз бала сөйлесін жатыр-мыс. Біреуі келесі өмірге сенетін, біреуі сенбейтін бала болса керек.

«Сен туғаннан кейін де өмір бар екеніне сенесің бе?», – деп сұрайды сенбейтін бала.

«Әрине,біз бұл жақта сол жарық дүниеге жарқын жүзбен бару үшін дайындалып жатырмыз», – деп жауап береді сенетін бала.

«Ал болса ол қандай жарық дүние?»

«Дәл қандай екенін білмеймін, бірақ шат өмір бар».

«Қой, ол жақтан қайтып келген ешкім жоқ, өмір құрсақ-пен аяқта-лады».

«Мен ол жақта мама-мызбен кездесетінімізді, оның бізді сүйетінін де сеземін».

«Мама дейсің бе? Қайда ол? Мама деген жоқ».

«Бар, кейде мен оның бізді жақсы көріп салған әнін де естимін».

Осы мысал сөзден көптің ойына ең бірінші Құдайға сенбейтін, о дүниелік өмір бар деп есептемейтін адам түсе кетеді. Ал маған нәресте адамдардың бірінің мына дүниеге құштарланып жатқан сәті елестеп, бейкүнә бейнесі көз алдымда тұрып алды.

Мұсылман емеспіз бе, сосын осы біз өзімізді өзіміз тозаққа дайындап жатырмыз-ау деген суық ойға шомдым.

Әділ патша Харон Рашид заманында Дана есімді бір әулие өмір сүріпті.

Бір күні әулиенің алыстан арып-ашып келгенін көрген Харон:

– Уа, әулием, қайдан келесің? – депті.

– Тозақтан келе жатырмын, патшам, – дейді ол.

– Тозағы несі, ол жақтан не іздедің, данышпаным? – депті Харон тіксініп.

– От керек болып, от алып келейін деп едім.

– От алып келдің бе, енді?

– Жоқ, әкеле алмадым, тақсыр. Тозақта от жоқ екен, отты фәни дүниеден әркім өзі алып барады екен. Осының айтып, тозақтың сақшылары қолымды бос қайтарды...

Ал бұған не дейсіз? Құранның, хадистің сөзін ақтармай-ақ қояйық. Әлгі бір іште жатқан егіз баланың диалогы да жетеді, «біз бұл жақта сол жарық дүниеге жарқын жүзбен бару үшін дайындалып жатырмыз», бәлкім, өзімізді жағатын отымызды жинап жүрміз.

Енді бір сәт статистика дейтін қырағы көз, саққұлақтың сандарын сөйлетейік. Былтыр елімізде 7 мыңға жуық қыз баланың аяғы ауырлап, оның мыңнан астамы түсік жасатқан. Нақтырақ айтсақ, 15-19 жас аралығындағы 6724 қыз жүкті болған, оның 5639-ы босанып, 1086 бойжеткеннің жүктілігі абортпен аяқталған.

«Қарғайын десем – жалғызым, қарғамайын десем – жалмауызым» деп осынша ата-ана жерге қарап қалды. Осынша өмір иесі өздері сенген дүниежарықты көрмей кетті. Жүктілік мерзімін үәзетіндер мойнындағы жүктен уақытша ғана арылады, әрине. Одан кейінгі салдарға салғырт қарап, болашағына болжам жасай алмайды. Жасанды түсіктен кейінгі залал мен асқынулардан зардап шегеді, сосын. Бойын үрей билеп, қорқыныштың қарғыбауына ілінген қыздардың өз бетімен дәрі қолданып немесе түрлі тәркі тәуекелге бел буатындары қанша. Мұндай әрекет оң нәтижесі жоқ, болса да шикіліктер шығып, шиеленісе береді. Ең сорақысы, олардың көбі ана бақытын бастан кеше алмайды. Құдай бар ғой.

«Адамның бір қызығы бала деген» деп Абай неге өзге қызықты кейінгі орынға қойды. Бала – ата-ананың болашақтағы тірегі. Ал, аборт жасатқандар – болашақ тірегін тамырынан жұлып тастағандар, бұған қатысты басқа сөз айту обал. «Баласы бардың басында алтын тәжі болады, оны баласы жоқтар көреді» дейді аталарымыз.

Реті келіп тұрғанда мамандардың айтқанына құлақ асайық, облыстық көпбейінді аурухана директорының емдеу ісі жөніндегі орынбасары Жаңыл Исақызы былай дейді:

«Жүктілікті жасанды түрде үзу әдістері дәрі-дәрмектік және хирургиялық негізде жүргізіледі. Жүктілікті үзу кезінде қан кету, жатырдың тесілуі, түрлі қабыну, асқынулар орын алады. Мұның нәтижесі геморрагиялық шок, қан құю, жатырдағы тесікті тігу немесе жатырды алып тастаумен аяқталуы мүмкін. Қабыну аурулары арқылы бедеулікке тап болады...»

Осынша азапты тілеп алып не керек? Рас, жүктілікті үзу медициналық тексеруден кейін, қарсы көрсеткіштерді жойғаннан соң жасалса оң нәтижелер беріп қалуы ғажап емес. Бұл да дәрігердің сөзі, бірақ мұны түсік жасатуға жол беру деп білменіз, бағанағы «қарғайын десем – жалғызымның» кері.

Мойындағымыз келсе де, келмесе де, түсік жасату қоғамды дендеп бара жатқаны даусыз. Көзімізді киіз шормен таңып алсақ та, таңбаланып тұрған дәуір кеселін көрмей тұра алмаймыз. Ал оның емі, айығу жолы қайсы? Осы жерде дана қазақтың бір ауыз сөзін тірілтсек, ем де – сол, жөн де – сол. «Қызға қырық үйден тыю» деген тәрбие қайда? Ата-аналар қызының не істеп, кіммен құрбы болып жүргеніне абай болуы керек. «Дос қызымның үйіне қона салайын» деп қос кезін жүретін қызынан есеп алмайтын аналар да бар. Олардың ойынша бала еркін өсуі тиіс. Ал, аталарымыз: «Ұлыңды бөтен үйден тойдырма, қызыңды бөтен үйге қондырма» дейді. Қарап отырсақ, қазақтың мақал-мәтелдерінің өзі-ақ бір мектептің тәлім-тәрбиесін береді екен.

Сондықтан ойнап жүріп опық жемес үшін бала оң мен солын санап емес, саналы түрде ажыратып, өткенге өкінбес үшін ең алдымен ұлттық тәрбие тінін мықтай блуіміз қажет.

Бәрін айт та, бірін айт, дүниежарықты көрмей кеткен нәресте-адамдардың періште жүрегіндегі үнсіз шырқырауға кім жауап қата алады?...

**Айдар САЙЛАУОВ**

# «ӘДЕМІНІҢ» ӘДЕМІ ӘЛЕМІ

**– Өңірде қуыршақ театрының ашылғанына қанша уақыт болды?**

– Қызылорда облыстық филармониясының «Әдемі» балалар музыкалық театр-студиясы 2016 жылдың наурыз айында ашылды. Мақсаты – облыстық филармонияның көрермендер контингентін кеңейту. Яғни кішкентай балаларға арналған шараларды ұйымдастыру. Біздегі билет құны да қалтаға қонымды. Балалардың көңілі көтеріліп, театрға жиі келуі үшін көптеген мүмкіндіктер қарастырып келеміз. Театр-студия ретінде ашуымыздың себебі филармония болғаннан кейін шығармашылығымыз музыкамен байланысты болу керек. Сондықтан қойылымның бәрі дерлік міндетті түрде кішігірім мюзиклдің форматында қойылып, құрамында ән, би, ойын да болады.

**– Осы кезге дейін қанша қойылым көрермен назарына ұсынылды?**

– Алғаш қуыршақ театрының шымылдығы Григорий Остердің «Мазасыз тиін» атты қойылымымен ашылды. Режиссері – Ерғазы Әбжалиев. Одан кейін Н.Гернеттің «Балапан қаз» қойылымы, Нұрлыбек Жұбатқанның «Тапқыр тышқан» ертегісі сахналанды. Оны автордың өзі көріп, риясыз ризашылығын білдіреді. Тағы бір жетістігіміз 2018 жылы облыстық жобалық кеңсе аясында «Таусылмасын ертегім» мюзиклін қойдық. Бұл жайында идеяны өзім ұсынып, сценарийін өлеңге айналдырып Тілеген Бекарыстановқа жаздырдым. Қойылымға көрермен қошеметі көп болды. Тіпті бірнеше рет сахна төрінде қойылып, ақылы, тіпті тегін өткізілді. Балаларға тартуымыздың ұнағаны – еңбегіміздің ақталғаны деп білемін.

Театр студиясы аясында балаларға арналған түрлі тәжірибелер жүргізудеміз. Тек қойылыммен ғана шектелмей, әр мереке қарсаңында шаралар, ойын-сауық бағдарламасын ұйымдастырамыз. Мысалы, наурыз мерекесінде қазақ ертегісінің кейіпкерлерін алға тартып, ұлттық нақышқа басымдық береміз. Сосын қаладағы барлық балабақшаны аралап, жұмысты жандандырамыз. Арнайы залдың сыйымдылығы – 60 адам. Сол себепті балабақшадағы балаларды жас ерекшелігіне қарай 3 пен 4 жас, 4 пен 6 жас аралығындағы балаларды бөлек кіргіземіз. Бұл балалардың өз қатарластарымен емін-еркін араласуына ықпал етеді. Бүгінде театр-студиямыз зор сұранысқа ие.

**– Негізгі көрермен – балалар екені белгілі. Осы ретте қойылымға келген бала саны көңіл көншіте ме? Қазіргі таңда баланың театрға қызығушылығы жайында не айтасыз?**

– Алғашында театрға балаларды тарту қиын болды. Өйткені жан-жақтан түрлі цирк, шоу секілді көрсетілімдер болды. Сол кезде олармен бақталасуға мүмкіндігіміз бола бермеді. Бірақ, кейін көрерменімізді өзімізге үйреттік. Яғни өзге шоудағыдай ойын-күлкімен емес, құндылыққа бай, жұмыр ойы, мәні мен мазмұны бар ертегі көруге бейімдедік. Сол арқылы балалар да театр мәдениетін түсініп, табалдырықтан аттай бере жинақы болып, өз орындарына у-шусыз жайғасуды әдетке айналдырды. Яғни балаларды жақсыға баулып, мәдениетті болуға тәрбиелейміз.

**– «Тәрбие құралы – театр» дейміз ғой. Сахналанатын қойылымдар аударма ма? Әлде сценарийін өздеріңіз дайындайсыздар ма?**

– Иә, сөзіңізбен келісемін. Жас өренді жақсылыққа жетелеп, санасында ізгілік қалыптастыру театрымыздың ұстанымы. Қойылымның қорытындысында да үлеңге құрмет, кішіге ізет көрсету сынды өнеге мен қауіпсіздік ережеге дейін айтылады. Негізі қойылымды екі тілде де қоямыз. Бірақ міндетті түрде қазақ тіліне басымдық береміз. Тек орыс балабақшалары ұсыныс бергенде ғана орыс тіліне аударып, қойып береміз. 2016 жылдан бері көрсетілген қойылымның бәрі ұлттық құндылығымызды ұмытпай, ұлттық нақышымызды ұлықтауға үндейді. Бала бойына құндылықты сіңіру – негізгі мақсатымыз. Мысалы, «Айбардың хикаялары» атты цикл жазып бердім. Оның бірінші бөлімі «Айбар мен бауырсақ» сахналанды. Мазмұнында жеті күлшенің маңызы түсіндіріледі. Бұл хикаяның екінші шығарылымы да дайын тұр. Алдағы уақытта жалғасын әлі де жазамыз. Нурбадредин Бегімбеттің «Кииктің лағы – Таңшолпан» қойылымын қуыршақпен жасадық. Жалпы театр ашылғаннан бері сахналаған шығарылымның саны 500-ге жуық. Сондай-ақ, осы уақытқа дейін пандемия жылдарын есептемегенде 8 премьера жасағанбыз. Репертуарымызда 30 қойылым бар. Негізінен сценарийді өзіміз жазамыз. Кейде таңдаулы туындыларды аударамыз.

**Баланың шаттанғанынан, көзінің қуаныштан күлімдегенінен артық не бар?! Бүлдіршіндер пейілі таза, жаны тұнық. Олар шын қуанышын жасырып, томсырайып жүрмейді. «Алақайлап» қос қолын көтергенінің өзінен аңғалдығы мен аппақ көңілі менмұндалап тұрады. Ендеше, кішкентай көрермендерін ертегі әлеміне жетелейтін, көз алдына сиқырсыйын әкелетін сахна иелерінің еңбегі ерен. Өнер ордасы саналатын театрдың балаларға тартуы да аз емес. Осы ретте, өз миссиясын мінсіз орындап жүрген театр-студияның жұмысы жөнінде облыстық филармония басшысының орынбасары Азиза Іздіқұловамен сұхбаттасқан едік.**

**– Түрлі қойылымда түрлі кейіпкер болады. Демек олардың киімі де соған сай өзгеруі тиіс. Театрда арнайы тігінші бар ма? Әлде сырттан сатып алына ма?**

– Театр әртістеріне, яғни, кейіпкерлер киімін филармонияның тапқан табысынан тігіп береміз. Суретшінің жасап берген эскизі бойынша режиссермен келісіп отырып, тіктіреміз. Арнайы цехымыз бар, киімнің бәрі сонда дайындалады. Егер киім үлгісі тым күрделеніп жатса, қаладағы басқа цехтармен байланысамыз.

**– Бала жаны тазалықтан, періште көңілден тұрады десек, қойылымның шынайы болғаны, әртістің сендіре алғаны маңызды. Осы тұста, қойылымнан соң бала пікірін біліп, ата-анамен байланыс орнатып көрдіңіздер ме?**

– Балалармен байланысты үзген емеспіз. Кебіне балалар бізге ата-анамен емес, балабақша жетекшісімен келеді. Егер қойылым бала көңілінен шықпаса мұғалім оны екінші рет алып келмейді. Қойылымнан соң жетекшілер хабарласып, алғысын айтады. Мектептегі бастауыш сынып мұғалімдері де байланысқа шығып, қойылым мазмұнын сұрап, оқушыларды әкелуге ниет білдіреді. Сонымен қатар менеджерлер балалардан пікір алып, оны әлеуметтік парақшамызға жариялап отырамыз. Әр көрерменнің алғысы мен сенімі еңбегіміздің жемісі екені анық.

Жақында демеушілердің көмегімен Жалағаш, Қармақшы аудандарына барып, қойылым қойып, балалар тақырыбында концерт бердік. Балалар қуанышқа кенеліп, жүзіне күлкі ұялап, мәре-сәре болып қалды. Алдағы уақытта да ауыл, ауданды аралау жоспарда бар.

**Сұхбаттасқан**
**Замира ДАСТАНҚЫЗЫ**

# «БАСТЫ МАҚСАТ БАЙЫП КЕТУ ЕМЕС»

**– Рақымжан, өнерге қалай келдіңіз? Кім немесе не мұрындық болды?**

– Өзім Қазалы ауданы, Әйтеке би кентінде дүниеге келдім. Мектепте 4 сынып оқып жүргенімде алғаш рет өннен конкурсқа қатысып жүлделі І орын алғаным есімде.

Бала кезімде бұл тек хобби деп қарап, кез келген жерде ән айт десе айта кететінмін. Есейе келе мектепті тәмәмдап, Алматыдағы Аграрлық колледжге "Метрология, стандарттау және сертификаттау" деген мамандыққа оқуға түстім. «Тауық сойса да қасапшы сойсын» деген сөз бар. Оқып жүріп аталған саланың менікі емес екенін түсіндім. Сонда да жақсы нәтижеде аяқтап, сүйікті ісіммен айналысу үшін Ж.Елебеков атындағы эстрада-цирк колледжіне "Эстрадалық вокал" мамандығына түстім. Бұл колледж музыкаға деген ынтамды ашты. Колледжді 2017 жылы тәмамдап, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің "Музыкалық білім" мамандығында жоғары білім алдым. Сүйікті ісің болса, оқудан, жаңа қырын білуден жалықпайсың. Осыны анық түсіндім. Кейіннен туған жерге оралып, аудандық мәдениет саласына үлес қосуды жөн санадым. Осылайша 2019 жылдан бері Әйтеке би кентіндегі мәдениет үйінде музыкалық жетекші қызметін атқарып келемін.

Өнерге келуіме аға-әпкелерім мұрындық болды десем, артық емес. Әкем 11 ағайынды. Барлығы да өнерге жақын, бір-бір аспапты жанына серік еткен жандар. 6 жасымда аға-әпкелеріммен "Мақсатбаевтар" отбасылық ансамблінің концертінде алғаш рет сахнада өнер көрсеткенім бар. Сол сәттен бері сахнадамын.

**– Қазіргі таңда шәкірт дайындап, конкурстан жүлдеме оралатын жас әншіден кәсіби білікті маманға айналдыңыз. Орталықтың жұмысына тоқталсаңыз...**

– 2021 жылы Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың қолдауымен балалар мен жасөспірімдерге арналған тегін мемлекеттік шығармашылық және спорттық үйірмелер ашуға мүмкіндік берілген болатын. Бұл мүмкіндікті мен де пайдаланып өткен жылдың наурыз айында "Адиля" өнер орталығын ашқан едім. Қазіргі таңда шағын орталықта "Ұлттық (халықтық) билер", "Дәстүрлі ән", "Домбыра" және "Вокал" үйірмесі жұмыс жасап тұр. Шәкірттеріміз бір жылдың ішінде ұстаздарының кәсіби біліктілігі мен тыңғылықты дайындығының арқасында түрлі халықаралық, республикалық, облыстық, аудандық конкурстардың жүлдегерлері атанды. Орталық 150 баланы үйірмемен қамтып отыр. Оның ішінде тегін оқуға 100 бала тіркелген болса, қалған балаларға ақша бөлінбесе де құқығы тең болсын деп тегін оқытудамыз. Шәкірттеріміз ауданда түрлі іс-шараларда өнерін көрсетіп, халықтың ықыласына бөленіп жатыр. Ұстаз үшін осыдан артық бақыт жоқ.

**– Ауылдық жерде тасада қалған таланттар көп. Баланың бойындағы дарынын байқап қоятын сіз секілді ұстаздар шығар..? Ауыл балаларымен қандай жұмыстар атқарылуда?**

– Балалар – біздің болашағымыз, өзім өнерді жақсы көрген соң осы балалардың өнерін шыңдауға кішкене болса да көмегімді тигізгім келеді. Бірақ аймақта жалға берілетін ғимараттың болмауына байланысты балалардың орталыққа жетуі қиын. Әйтпесе баян, гитара үйірмесін ашқан едік. Бала санының аз болуына байланысты үйірме жабылып қалды. Ол үйірмелерге ақша бөлінбесе де, өз айлығымнан ұстаздарға жалақы беріп, үйірмені көбейткім келді. Орталықтың болашағы алда. Талай шәкірттің талантын шыңдап, кәсіби бағыт берерімізге сенемін. Себебі орталықты ашу мақсатым байып кету емес, ақша үшін емес. Бастысы, ауыл балалары тасада қалмай, өнермен айналысса, бос уақытын тиімді өткізсе, бұлақтың көзін аша алсақ деген ниет.

**– Өзіңіз талай рет республикалық, халықаралық конкурстарда жеңімпаз атандыңыз. Дегенмен өнер жүлдемен, ақшамен өлшенбесе керек.**

– Мен үшін өнер шәкірттерімнің жетістігімен, қол жеткізген мақсатпен, халықтың ыстық ықыласымен өлшенеді. Сахнадан биік табалдырық жоқ. Тек осы биіктен түспейік...

**– Рақмет!**

**Өнерге әркімнің-ақ бар таласы. Алайда бір терінің пұшпағын илеп жүргенмен, мандай тері мен уақытын осы салаға арнауға, ел мені елесе демей-ақ еңбек етуге дайын шын бірі - қазалылық әнші, таланттар аз. Сонын облыстық, республикалық, халықаралық конкурстардың жеңімпазы, бүгінде вокал бағыты бойынша шәкірт тәрбиелеп жүрген жас ұстаз - Рақымжан Мақсатбаевпен сұхбаттасқан едік.**

**Әңгімелескен**
**Дина БӨКЕБАЙ**

# БАЛЫҚ ҰНЫ – БАҒАЛЫ ӨНІМ

**Табиғаттың әрбір бөлшегі құнды. Төрт түлікті мінсе – көлік, жесе – ет, ішсе – ақ, пайдаланса – қолөнерге қажетті жүн деп бағалаймыз. Сол секілді балықтың да пайдасы мол. Мәселен, балық ұны балықты, теңіз сүтқоректілердің қалдықтарын кептіру және ұнтақтау кезінде өндірілетін жем ретінде үнемі сұранысқа ие. Мұндағы басты шикізат – өңдеуге жарамсыз тұтас балық және кейбір балықтардан май алу нәтижесінде пайда болатын қалдықтар. Әрі қарай өндіріс барысында май-ақуыз коагуляциясына майды тотығудан қорғайтын антиоксидант қосылады да, ол жануарларға жем өндірудің құрамдас бөлігі ретінде қолданылады.**

Балық ұнын өндіруден өзіміздің өңір де қалыс емес. Индустрияландыру картасы аясында Қазалы ауданында балық қалдықтарынан балық ұнын шығаратын цех бар. Жеке кәсіпкер Төребек Игіліковтің айтуынша, кәсіпорынның алғашқы өнімі – балық ұны. Қазіргі таңда жеке кәсіпкер балық қалдықтарынан ұн және жем дайындайтын украиналық заманауи техниканы сатып алған. Бұл құрылғы «Еуро 4» стандарты бойынша ұн және жем шығарады. Төребек Игіліков жобаны іске асыру үшін «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы шеңберінде 20 млн теңге және өз қаражаты есебінен 10 млн теңге қаржы жұмсаған. Цех үшін Әйтеке би кентіндегі «Өндірістік аймақтан» арнайы ғимаратты да дайындаған. Аталған жоба индустриялық аймақта орналасқан.

– Балық ұнын өндіру технологиясы негізінен бірнеше кезеңді қамтиды: пісіру, пресс көмегімен артық сұйықтық пен майды кетіру, кептіру және ұнтақтау. Мамандандырылған агрегатты өсімдіктерді пайдалану құрамды тұрақтандыруға мүмкіндік береді және сапаны бақылауды қамтамасыз етеді. Шығарылатын ұнды құс, мал азығына және егіншілікке тынайтқыш есебінде пайдалануға болады. Цех техникалық құралдармен қамтылған. Ұн шығаратын станогымызды орнатып, жұмыс жүргізіп жатырмыз. Бұдан бөлек, басқа да станоктарымыз орнатылды. Облысымызда жалғыз цех болғандықтан, сұраныс болады деген сенімдеміз, – дейді кәсіпкер.

Айта кетейік, шикізаттағы майдың құрамына байланысты балық ұны түрлі тәсілдермен дайындалады. Құрамдағы май 2 %-ға дейін болса, шикізат кептіріліп, ұн күйіне дейін ұнтақталады. 5 %-ға дейін болса, кептіріліп, экстракцияланады, толығымен кептіріледі және ұнтақталады. Ал егер шикізатта 5% -дан астам май болса, балық ұны престеу арқылы дайындалады. Балық қаңқасын өндіру үшін оны сатып алудың қажеті жоқ, кәсіпорындардың қалдықтары – гибеллеттер, сүйектер де өте қолайлы. Бұл айтарлықтай арзанырақ болады.

Өндірістің өзі қарапайым және бірнеше кезеңнен тұрады: шикізатты тазарту және ұнтақтау, пісіру және ұнтақтау, сусыздандыру және кептіру; ұн жасау, қаптаманы дайындау. Ғалымдардың айтуы бойынша, 1 келі балық ұнының энергетикалық мәні алмасу энергиясының 10-14 МДж аралығында болады. Яғни, ұнда 535 г қорытылатын ақуыз, 67 г кальций, 57 г фосфор бар. Аминқышқылдарының құрамы бойынша балық ұны қан ұнынан кейінгі екінші орында. Оның ақуызы лизинге, метионинге, цистинге бай, құрамында триптофан және басқа да маңызды аминқышқылдар жеткілікті. Демек жем ретінде құнарлы, табиғи, өте пайдалы өнім екеніне баса назар аударған жөн.

«Балық ұнын өндіруді бастап кеттік. Арнайы аппарат арқылы майын бөлек, жемін бөлек ажыратып береді. Ұн болғандықтан сиырға, тауыққа, төрттүлікке беріледі. Мал ұстап отырған тұрғындардың сұранысына ие. Енді алдағы уақытта балық ұнынан бөлек балық жемін шығарсақ деген ой бар. Өзіміз де балық кәсібімен айналысып отырмыз. Жемін өндірсек, кәсібіміз толық циклге көшер еді», – жеке кәсіпкер.

Кәсіпкердің сөзінше, бұл жоба ауыл шаруашылығы саласын дамытуға бағытталған. Мақсат жергілікті халықтың сапалы балық өнімдеріне қажеттілігін қанағаттандыру, жаңа жұмыс орындарын ашу, балық өнімінің сапасы мен дәмін жақсартып, ассортиментті кеңейту болып отыр. Жоба аясында балық өңдеу цехы кеңейтіліп, сүбе шығару зауыты жұмыс жасауда. Қазіргі таңда зауытта өңделетін балық өнімдерін Еуропа елдеріне экспорттау мақсатында «Еврокод» алынып, еуропалық стандарттарға сай өнімдер ұсынылмақ. Айта кетейік, өндірілген балық ұнының 70 пайызы ресейлік тұтынушыларға сатылады.

**Дина БӨКЕБАЙ**

# ЖАЛАҚЫНЫ ҚАЛАЙ ЖЕТКІЗЕМІЗ?

**Жалақыңыз айдың ортасына жетпей бітіп қала ма? Бұл – көпшілікте кездесетін проблема. Ақшаны келесі жалақыға дейін жеткізу үшін не істеу керек? Бірнеше пайдалы кеңес ұсынамыз.**

**1-кеңес: кірістің 10%-ын алып қою**

Міндетті түрде кірістің 5–10%-ын жинап отыру керек. Оны банк депозитіне салуға немесе конвертке жинауға болады. Біраз уақыттан соң арманыңызды орындауға жұмсай аласыз. Мысалы, үй сатып алу немесе шетелге демалу.

**2-кеңес: 3 күн ойлану**

Қандайда бір зат немесе қызметалмас бұрын жақсылап ойланыңыз. Бірдеңе сатып алмас бұрын өзіңізге ойлануға 3 күн беріңіз: “Мен бұл затсыз өмір сүре аламын ба?”, “Оның қажеттілігі бар ма?” және т.б. Себебі көпшілік ойланбастан затты несиеге ала салады да, кейін жалақысының көп бөлігін несиеге беріп, келесі айдың жалақысына дейін ақшасыз жүреді. Мысалы, интернет-дүкеннен киім алатын болсаңыз, таңдаған киімдеріңізді көрзеңкеге салып қойыңыз. Бір күн

өткеннен кейін көрзеңкедегі киімдерді бір қарап шығыңыз, сізде міндетті түрде қажет емес киім шығады. Оны өшіріп тастап, бір күннен кейін тағы да қараңыз. Осылайша, көрзеңкеде тек шынымен қажет киімдер қалады.

**3-кеңес: шығындар тізімін жасау**

Ақшаның келесі жалақыға дейін жетуі адамның тәртібіне байланысты. Айына қанша ақша құртатыныңызды есептеп алыңыз. Ол үшін шығындар тізімін жасаңыз. Ұялы телефонға жазба жазып, бір ай бойы шығындарыңызды жазып жүріңіз. Содан соң олардың қасына “міндетті” және “міндетті емес” деп жазып шығыңыз. Міндеттіге тамақ, пәтер, жол және т.б жатса, міндетті емеске мейрамхана, кафе, кинотеатр және т.б кіреді.

**4-кеңес: міндетті емес шығындарды қысқарту**

Шығындар тізімін қараңыз да, міндетті емес шығындардың ішінен қайсысына ақша көп кетіп тұрғанын анықтаңыз. Содан соң мүмкін болса, оны азайтуға тырысыңыз. Бұл кафеге немесе кинотеатрға мүлдем барма деген сөз емес, тек азайтыңыз.

**5-кеңес: қосымша кіріс көзін табу**

Мысалы, фрилансер болып жұмыс істеуге болады. Бұл кезде қосымша жұмысты негізгі жұмыстан кейін кешкісін немесе демалыс күндері жасай аласыз.

**6-кеңес: шығындарды бақылайтын арнайы қосымша жүктеп алу**

Мұндай қосымшаларда қолданушы өзінің бюджетін және оны қай күнге дейін жеткізу керегін көрсетеді. Қосымша күндіз жұмсауға болатын соманы есептеп шығарып береді. Содан соң қолданушы күнде шығындарын жазып отырады.

**7-кеңес: кей әдеттерді өзгерту**

Шығынды көбейтетін әдеттерден арылыңыз. Мысалы, түскі асты сырттан ішпей, күнде үйден дайындап әкеліңіз. Таксимен жүруді азайтып, қоғамдық көлікпен қатынаңыз. Жоспарланбаған заттарды сатып алмау үшін дүкенге шықпас бұрын тамақ ішіп алыңыз.

# НЕСИЕ НЕСІБЕДЕН АЙЫРМАСЫҢ

**Соңғы кездері микроқаржы ұйымдарынан несібеме деп микроқаржы алып, енді несіне алдым?” деп макро мәселеге ұрынып жүрген жандар көбейіп кетті. Онсыз да қарызға белшеден батып жүрген қараша халықты әбігерге салған микроқаржы ұйымдары елде қаншалықты заңды жұмыс істейді және мұндай несібесіз несиені алмас бұрын нені білу керек?**

**ӨТКЕН МЕН БҮГІН**

Қаржылық нарықты реттеу мен басқару агенттігінің хабарлауынша, 2020 жылдың тәмамдалар шағында ресми түрде 1195 микроқаржылық орын тіркелген. Өзгертілген заңға сәйкес, биылғы қаңтардан бастап, агенттіктен лицензия алмаған микроқаржылық мекеме, ломбард пен несиелік серіктестіктердің жұмыс істеуіне тыйым салу ісін бастап кеткен.

Биыл 3100 микрокредиттік субъектіден агенттікте тек 227 микроқаржылық мекеме, 202 кредиттік серіктестік пен 650 ломбард қана тіркеуден өткен. Алайда елде қолында бір жапырақ лицензиясы жоқ ұйымдар бұған қарамастан өз ісін жалғастыруды тоқтатпаған.

Мамандардың айтуынша, Қазақстандағы микрокредиттік ұйымдар борышты нақты тәртіп бойынша беруі тиіс екен.

– Әрбір микрокредитті борышкерлер тізіміне тіркеп, кредиттік құжаттама жүргізу, сондай-ақ микрокредиттік ұйымдар борышкердің жеке мәліметі мен келісім-шарт талаптары сынды микрокредит беру құпиясын сақтау қажет.

Тағы бір айта кететіні, микроқаржы ұйымдарындағы қарыздар үшін жылдық тиімді сыйақының шекті мөлшерлемесі 56%-тен аспауға тиіс. Бұл ұзақ кезеңге алынған қарыздарға қатысты. Егер сіз ақшаны қысқа, 45 күнге дейінгі мерзімге алсаңыз, онда мөлшерлеме бір айда 30%-ке жетуі мүмкін. Осындай қарыздың мөлшері 50 АЕК немесе 145 850 теңге мөлшердегі көрсеткішпен шектелген. Қысқа мерзімді қарызды рәсімдеген кезде борыштың бүкіл сомасын және пайыздарды бірден қайтаруға тура келетінін де ескеру қажет, – дейді сарапшылар.

**АЛМАҚТЫҢ ДА САЛМАҒЫ БАР**

Микроқаржылық ұйымнан несие алып, ұр тоқпақ жеп жүрген жандармен тілдеспек болып едік, дәл сондай азаматты көзді жұмып-ақ табуға болатынын көріп аңтаң болдық. Себеп сол, елде микроқаржылық орындарға қарызы бастан асатын жандар санынан көз сүрінеді.

– Микроқаржы ұйымдары бірден қолыңа үлкен соманы ұстатпайды. Алдымен азын аласың. Кейін сенімге кіріп, алатын соманы арттыруға болады. Бірінші барғанда-ақ байқағаным, несие берер алдында жұмысқа, келісімшартта телефон нөмірі көрсетілген таныстарға бірден хабарласып, түрлі құжаттарға қол қойдырып жатпайды. Шешімді жедел қабылдап, жауабын бірден айтады. Күнделікті көріп жүрген жарнамаларындағыдай 15 минутта емес, оған жеткізбей-ақ реттеп береді. Бірақ міндетті түрде екі жақын танысыңыз бен олардың телефон нөмірін тіркеу қажет. Бастапқыда өмірдегі дос-жаранды тіркеуші едім, кейін қуыққа басып жалған нөмір мен есімді тіркеуді әдетке айналдырдым. Сөйтіп ақшамды алып, қаржы ұйымынан айламды асырдым деп еңсемді тіктеп шықтым. Телефон нөмірімді, тіпті жұмысымды ауыстырдым. Бірақ еш нәтиже жоқ. Тиісті орындар туыс-туғаныңды мазалап-ақ тауып алады. Ал төлеуден жалтарып жүрген несиелерімнің проценті бүгінде аспандап кеткен, – дейді Нұрперзент Талғатұлы.

Елде Нұрперзент секілді қаржылық мәселені микроқаржы арқылы уақытша шешкенімен, оны қайтаруға келгенде қиналып қалатын жандар саны расымен көп. «Алмақтың да салмағы бар» демекші, оны дер кезінде өтемесең, қарызға белшеннен баттың дей бер.

**ҚАНДАЙ ШЕШІМІ БАР?**

Өткен жылдың аяғында елді елең еткізер жаңалық жария болды. Соның бірі – Президент Қасым-Жомарт Кемелұлының микроқаржы ұйымдарындағы проблемалы қарыз алушылардың несиесін жеңілдету, яғни кешіру сынды шараларды қолға алуы болды.

– «Қазақстанда 28 мың адамның несиесі жабылады» деген ақпаратты жария еткен құзырлы органның бұл ісі қате деп түсінемін. Себебі мұнда 28 мың қарыз алушыларға шамамен 600 миллион теңге бөлінген. Сол 0,6 миллиардты 28 мың адамға бөлер болсақ, ол әр қарызғер басына 20 мың теңгеден үлеске түседі. Сондықтан да бұл жарияға жар салатын іс емес. Халықты дүрбеленге салып, жалған үміт беріп жатыр турасын айтқанда, – деді белгілі экономист, қаржыгер Мақсат Халық сұхбатында.

Бұдан бөлек, жыл басында банктегі берешегін өтей алмай жүрген жандарға банкроттық жүйе көмек келді. Соттан тыс банкроттық, сот банкроттығы және төлем қабілеттігін қалпына келтіру сынды үш бөліктен тұратын бұл бағдарламаға құжат рәсімдеуге сіз бен біздің жүйкеміз шыдас бермесі анық. Дегенмен тәзімі темірдей азаматтардың «egov.kz» сайты арқылы бағын сынап көруге мүмкіндігі бар.

Жалпы, мәселені несие арқылы шешу жақсылыққа апармайтынын мойындағанымызбен, көпшілігіміз үшін бұл әдетке айналған. Бірақ халық несиенің несібе әкелмейтіндігін түсіну керек. Сондықтан әрқайсысымыз қаржылық сауаттылықты арттырып, қиындықтарды шешудің басқа да жолын қарастырғанымыз абзал, әсіресе жастар.

**Серік АҚМЫРЗА**

# «ӨРКЕНИЕТ». СЫР МЕДИЦИНАСЫНЫҢ ҰСТАХАНАСЫ

**Мектеп түлектері мамандық таңдап, жаңа өмірге аяқ басар сәт туды. Бірі ЖОО-ға барса, енді бірі кәсіптік білім беру ұйымдарына шәкірт болады. Әсіресе, аймақта дәрігер болуды армандаған талапкерлердің табан тірейтін нысаны – медициналық білім беру ұйымдарының саны артқаны саланың өркендеуінің жемісі іспетті. Осы орайда Сыр жастарын сапалы біліммен қамту бағытында Қызылорда қаласындағы «Өркениет» медицина колледжінің маңызы зор.**

«Өркениет» медицина колледжінің негізі 2000 жылы қаланған. Мекеме аймақтағы алғашқы жеке медициналық колледждің қатарында болғанымен құнды. Бүгінге дейін 3000-ға жуық түлек оқу бітіріп, денсаулық сақтау ұйымдарында жемісті еңбек етіп келеді. Жалпы, колледж екі мамандық бойынша орта буын медицина қызметкерлерін дайындайды. Олар: «Фельдшер» және «Жалпы практикадағы мейіргер» мамандығы.

– Бүгінде шәкірттер мен ұстаздар құрамы республикалық, халықаралық конференция, олимпиадаларға қатысып, абырой биігінен көрінуде. Мысалы, «Медициналық оңалту: диагностикадағы, терапиядағы және превенциядағы басым бағыттар» тақырыбында өткен халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда студентіміз Б.Байырқасым (оқытушысы У.С.Жабасахованың жетекшілігімен) жүлделі 3 орын иеленді. Ғылыми-зерттеу жұмысының тақырыбы – «Инкурабельді пациенттерге паллиативтік және хоспистік көмекті ұйымдастыру». Ал, «Гепатиттен циррозға дейін» тақырыбында өткен халықаралық байқауда студентіміз Э. Шамшатова (пән оқытушысы Ұ.Абиеваның жетекшілігімен) 3 дәрежелі дипломмен марапатталды.

Сондай ақ, «Емдеу ісі» мамандығы бойынша өткен «Жас Анатом» республикалық олимпиадасында А.Сардар (пән оқытушылары А.Ж.Жайпанова, Ә.С Сүлейменова жетекшілігімен) 1-дәрежелі, Т.Есенбекова 2-дәрежелі дипломмен марапатталды, – дейді колледж директоры Анар Жайпанова.

Бұл үлгілі оқу орнының жалғыз жетістігі емес. Бұған дейін республикалық медициналық колледждердің арнайы пән оқытушыларының арасында өткен «Үздік оқу әдістемелік кешен» байқауында хирургия пәні оқытушысы Р.Есболғанова II орын иеленсе, «Үздік оқулық» республикалық сайысында колледждің авторлық ұжымы (А.Жайпанова, Г.Абдреймова, Р.Есболғанова, Ү.Жабасахова, Н.Қайназаров) дайындаған «Паллиативтік көмек және онкология» пәнінен оқу құралы жүлделі II орын иеленді.

Негізі әрбір оқу орны өзіндік әдістеме, ұстаздар құрамымен ерекше екені сөзсіз. «Өркениет» колледжі де дамудың сара жолын қалыптастырып үлгерген. Колледж ұжымы мемлекеттік тілде білім беруге басымдық беру, теориялық оқу-құрал дайындауға үлес қосуымен дараланары анық. Олай дейтініміз, мұнда оқу процесі тек мемлекеттік тілде жүргізіледі. Студенттерге барынша түсінікті, ұғынықты тілде білім беруге жағдай жасалған. Ол үшін ұстаздар құрамы жүйелі жұмыс істеуде. Мысалы, бүгінге дейін колледж ұстаздары 15 оқу құралын шығарды. Биылғы оқу жылында колледж оқытушылары А. Жайпанова, А.Сүлейменова дайындаған «Жалпы патология» оқу құралы, Альбина Жұмабайқызынын «Терапия мен неврологиядағы мейіргер ісі» оқулығы жарыққа шықты.

– Сала салғыртшықты көтермейді. Саналы тәрбие, сапалы білім беру басты мақсатымыз дегенмен, негізгі басымдық практикаға берілген. Бүгінде оқу процесінің 65 пайызы практика жүзінде өтеді. Яғни, білім берудің басым дені емдеу мекемелерінде жүреді. Ол үшін 19 денсаулық сақтау мекемесімен келісімшарт жасалған. Себебі, болашақ сала маманы теориялық ғана емес, шынайы жағдайда кәдеге асатын практикалық дағдыларға да қол жеткізуі шарт. Сондықтан, өндірістік, клиникалық іс-тәжірибелер қатаң бақылауда. Негізі, жеке оқу орнын тек табыс көзі деп қарастыруға болмайды. Мұндағы жүйе, жұмыс райы күрделі. Мемлекеттен көмек алмай-ақ 83 адамды жұмыспен қамту, 678 балаға білім беру оңай емес, – дейді мекеме басшысы Анар Жүндібайқызы.

Расында, әрбір шәкірттің алаңсыз білім алуы маңызды. Соның ішінде баспана ахуалы ең өзекті екені түсінікті. Бұл мәселені колледж оңтайлы шешкен. Оқу орны қаладағы «Өркениет» жатақханасымен келісімшарт жасап, ынталы студенттерді жатақханамен толық қамтамасыз етті. Айта кетерлігі, студенттердің басым бөлігі туыстарының үйінде қоныстанған. Сондықтан пайыздық үлеске шаққанда жатақханаға жататын студенттің қатары аз.

Түлектердің жұмыспен қамтылу деңгейі де тұрақты сараланды. Мониторинг көрсеткіші жаман емес. Бүгінде оқу бітірген түлектердің 70-80 пайызы тұрақты жұмысқа орналасқан. Қалғаны оқуын жалғастыруды көздейді. Сондықтан «Өркениет» медицина колледжі Сыр жастарын сапалы біліммен қамтуда жүйелі жұмыс істеуде деп айтуға толық негіз бар.

**Берен ШАҒЫРОВ**

# ШІЛДЕДЕН БАСТАП НЕ ӨЗГЕРЕДІ?

**Қазақстанда Әлеуметтік кодекс заңдылығы күшіне енуіне байланысты кейбір жеңілдіктер мен жәрдемақылардың мөлшері артады. Әлеуметтік кодексте қарастырылған өзгерістер мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша коэффициенттік көрсеткіш мөлшері өзгеруіне байланысты артады. «2023-2025 жылдарға арналған Республикалық бюджет туралы» Заңына сәйкес, ең төменгі күнкөріс деңгейі 40567 теңгені құрайды, яғни 1 шілдеге дейін 1 топ мүгедегі бар азамат 1,92 коэффициенті өзгерітіліп, ең төменгі күнкөріс деңгейінің 2,20 коэффициенті есебінен артады.**

Әлеуметтік кодексте «Наградталған аналар» мәртебесі енгізілуіне орай «Күміс алқа», «Алтын алқа» иегерлері, бұрын « Батыр Ана» атағын алған, I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендері бар аналарға беріледі, осы уақытта дейін 6,7 және одан да көп бала тәрбиелеген аналар бірдей мөлшерде жәрдемақы алып келген болса, шілдеден бастап «Алтын алқа», I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен, «Батыр Ана» атағы бар аналардың жәрдемақысы артып, 25530 теңгені құрайды.

Сонымен қатар қайтыс болған зейнеткердің, мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылардың жерлеу рәсімін жүзеге асыруға берілетін бір дүркін жәрдемақысы 1 шілдеден бастап 35 айлық есептік көрсеткішке, яғни 120750 теңгеге дейін өседі.

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін еңбек ету қабілетінен айрылу және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем 14,5 пайызға көбейеді.

Биылдан бастап бюджеттен де, мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан да бала күтімі бойынша берілетін төлемдердің мерзімі бір жарым жасқа дейін ұзарды, егер бір жарым жасқа жетпей жұмысқа шығатын болса, төлемнің мөлшері сақталады.

**Н.БАКЕНОВА,**
**«Азаматтарға арналған үкімет» МК КеАҚ әлеуметтік қамсыздандыру бойынша бөлім басшысы**

# ЗАҢ ТАЛАБЫ БӘРІНЕ ОРТАҚ

**Азаматтық сот ісін жүргізу тараптардың тең құқығы негізінде жүзеге асады. Азаматтық процеске қатысатын тараптарға осы Кодексте өзінің ұстанымын қорғауға тең мүмкіндік берілген. Сот шешімді әрбір тарапқа бірдей негіздерде зерттеуге қатысуды қамтамасыз еткен дәлелдемелерге ғана негіздейді. Азаматтық процестік кодексінің 15-бабында дәлелдеменің маңыздылығы осылай көрініс тапқан.**

Судья істе бар дәлелдемелерді жиынтығында бейтарап, жан-жақты және толық қарауға негізделген өзінің ішкі сенімі бойынша бағалайды, бұл ретте ол заң мен ар-ұятты басшылыққа алады. Сот үшін ешқандай дәлелдемелердің күні бұрын белгіленген күші болмайды.

Фактілер туралы мәлімет тараптар мен үшінші тұлғалардың түсініктемелерінен, куәлардың айғақтарынан, сарапшылардың қорытындысынан, заттай дәлелдемеден, процестік әрекеттердің хаттамаларынан, сот отырыстарының хаттамасынан, аудио-бейнежазбаға, процестік әрекеттердің барысын және нәтижелерін көрсететін бейнеконференцбайланыс жүйелерін пайдалану арқылы алынған деректерден және өзге де көздерден алынуы мүмкін.

Даудың нысанасына дербес талаптарын мәлімдемейтін үшінші тұлғалар – егер іс тараптардың біреуіне қатысты олардың құқықтарына немесе міндеттеріне әсер етуі мүмкін болса, бірінші сатыдағы сот іс бойынша шешім шығарғанға дейін талап қоюшының немесе жауапкердің жағында процеске кірісе алады. Олар тараптардың және іске қатысатын басқа да тұлғалардың өтінішхаты бойынша немесе соттың бастамасы бойынша іске қатысуға тартылуы мүмкін. Сондай-ақ факті туралы деректер хабарламасын тараптардың құқығы және міндеті ретінде бір мезгілде қарауға болады. Тараптарды дұрыс және толық мәлімет беруге істің тез арада және әділетті шешілуіне тікелей әсер етеді.

Тараптар өз түсініктемелерінде талап қоя алады, өтініш жариялайды, татуласу келісіміне шақырады және осы түсініктеме ішінде дәлелдемелі фактілер бойынша деректер ұсынады. Сот отырысында тараптардың түсіндірмелері тыңдалады, куәлар сұралады, сарапшылар қорытындысы жарияланады. Жазбаша дәлелдемелер жарияланады, ал заттық дәлелдемелер қаралады. Егер жазбаша немесе ауызша дәлелдемелер сотқа келе алмаса, онда олар орналасқан жерінде қаралып зерттеледі. Қарау әрекетін, барлық тұлғалардың орны мен уақытын ескерте отырып, сот жүзеге асырады.

Егер азаматтық іс басқа қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық салдарынан орын алған іс бойынша заңды күшіне енген сот актісі негізінде қаралатын болса, сот актіге баға бере алмайды, тиісінше заңды күшіне енген сот актісін теріске шығаратын дәлелдемелер мен түсіндірмелер қабылданбайды. Сол себепті заң бойынша мұндай дәлелдемелер міндетті түрде зерттеліп, бағалану керек.

**Айгерім ӘЛІШЕРҚЫЗЫ,**
**Қызылорда қалалық сотының судьясы**

# МЕНІҢ АРМАНЫМ – МЕНІҢ БОЛАШАҒЫМ

**Мәңгі лаулап жану үшін ғаламда,**
**Үлкен бақыт табу үшін ғаламда.**
**Үлкен болып қалу үшін ғаламда,**
**Үлкен арман керек екен адамға, – деп Мұхтар Шаханов жырлағандай арманшыл ақынның осы бір өлең жолдары маған үнемі ой салады. Адам армандаудан шаршамау керек. Арман мақсатқа жетелері анық.**

Мақсат – адамның өмірде қалыптасуына, өз орнын тауып, жақсы өмір сүруіне ұмтылдырады. Арман адамның өзін өзі тануы, бағалауы тұрғысында да өз септігін тигізеді. Ол шабыт береді, жігерлендіреді.

Менің де алға қойған мақсаттарым, асқақ арманым бар. Ол – журналист болу. Мен бұл мамандықты сүйемін, ұнатамын, тіпті сол салада жұмыс істейтін адамдарды сыйлаймын және оларға қатты қызығамын.Маған кішкентай кезімнен жаңалық көрген ұнайтын еді. Теледидардағы диктордың түрі, сөйлеу мәнері, өзін өзі ұстауы, киім киісі айрықша әсер ететін. Ал өткір тілді журналистердің сөз саптауы, жедел сұхбат алғанын көріп, соларға еліктейтінмін.

Мектеп қабырғасында білім ала жүріп, болашаққа да саяхат жасап қоямын. «...Өзіңе сен, өзіңді алып шығар, Еңбегің мен ақылың екі жақтап...» деген Абай атамыздың сөзін болашағымның бағдаршамы деп біземін. Қазіргі кезде жастар смартфон, әлеуметтік желіге байлаулы деген пікірлерді жиі естіп жүрміз. Дегенмен ол әр адамның өзіне байланысты деп ойлаймын.

Оқушы кезден газет-журнал оқығанды жақсы көремін. Үйге келетін газеттен жақсы бір мақала оқысам, сондағы өзіме ұнаған сөз тіркесін немесе әдемі ой-пікірді шағын қойын кітапшама жазып қоямын. Ал кітап оқу – менің сүйікті ісім. Қолым қалт етканде көркем шығарма оқуға тырысамын. Үстіміздегі оқу жылында оқитын әдеби кітаптардың тізімін құрап, кітаппен бұдан да жақын дос боламын деп шештім. Өйткені журналист болу үшін сөз өнеріне жақын болу керектігін түсінемін. Журналистика мені жан-жақтылығымен баурап алды.

Менің арманым – менің болашағым. Адам өзінің ойлаған арманына ақыл-парасатымен, білімімен жетеді ғой. Еркін ойлайтын, жаңашыл журналист болар күнді күтемін.

**Дилназ МОЛДАБАЕВА,**
**№100 мектеп оқушысы, Қазалы ауданы, Ақсуат ауылы**

# СЕНІМ ОҚИҒАСЫ НЕМЕСЕ ҚОС ҚАРАҚШЫНЫҢ ТӘУБЕГЕ КЕЛУІ

**Ауылдың шетінде әулеті кеңге жайылған, дәулеті асқан бір қарияның үйі болған-ды. Күндердің бір күні сол үйде тек қария мен немересі ғана қалыпты. Қызығы – есігінің сыртына «Мен үйде жоқпын, ешкім ішке кірмесін» деп жазу қалдырып, өзі үйдің ішінде тасаланып отырған екен. Қасына немересін отырғызып алған атасы үйге біреудің ұрлана кіргенін сезеді. Егер, ауылындағылар болса, жаңағы жазуды көргенде үйге кірмейтінін ойлаған ақсақал келгендердің ұры екенін тез ұқты. Солай ым-жымсыз әңгімесін бастады.**

– Біздің ауылдың адамдары сондай тату-тәтті, бір-бірімен ешқашан ұрсып көрмеген жандар. Оның себебі – мұңдағылардың тақуалығы сонша, үйін ашық қалдырып жүре беретіндігінде. Сенімі мен иманының мықтылығы оларды осы дәрежеге дейін жеткізді. Бірақ қазір белгісіз біреу ауыл адамдарының арасында алауыздық отын тұтатып, қадірін қашырып бітті. Соңғы уақытта көршілердің татулығын біреу бұзып жүр. Егер ол адам осында келсе, менің барлық мүлкімді алып, түксіз қалдырса да ренжімеймін. Себебі, мұндағы дүние-мүлік оларға туғелдей жетеді. Тек, ауылдағыларға тыныштық берсе екен. Ұрлығын тоқтатып, баяғы қалпымызға қайта көшсек, мен соларға риза болар едім. Деп қазір мені сол ұры еститін болса, бір ғана ауыз сөз айтқым келеді. Сен дүйім жұрттың обалына қалдың. Енді сенің жиған мал-мүлкің пайда бермейді. Тыныштығымызды бұзба, дұрысы – адал еңбегімнен іс қылып, мал тап – деп үнсіз ғана жымиды.

Оны естіп тұрған есіктің артын сығалаған қос ұры тұла бойы дірілдеп, жасаған ісіне өкініп, бұдан былай ешкімнің мал-мүлкіне қол салмауды ұйғарды. Әрі жөнге келіп, ауыл адамдарынан кешірім сұраған деседі. Содан бері ауыл тұрғындары қайтадан татуласып, енді не болса да, дау шығармаймыз деп тоқтады.

Адамзатқа ой салатын бұл оқиға түрік қисса-дастандарының алғашқысы болып айтылады екен. Өйткені қоғамға бірінші керегі – адамгершілік, адалдық. Осыны бойына сіңірген ұлт көштің алдында, абыройдың биігінде болары хақ.

**Ердәулет СӘРСЕНҰЛЫ,**
**түрік тілінен түпнұсқадан тәржімалаған**

# МЕМЛЕКЕТТІК БИЛІК ЖҮЙЕСІНДЕГІ СОТ БИЛІГІ

**Елімізде биыл екінші рет судья және сот қызметкерлері күні атап өтіледі. Сондай-ақ 2023 жыл өңірдегі сот саласында айтулы белес – Қызылорда облыстық сотының құрылғанына 85 жыл толып отыр. Қазақстан сотының төл мерекесі тек сот қызметкерлері үшін ғана емес, жалпы қоғам үшін маңызды күн. Себебі мықты елдің іргесін сот жүйесі құрайды. Бүгінде сала мамандары үлкен істердің басын құрап, еліміздің сот жүйесін ілгері дамытуда еңбек етуде.**

Облыстық сот тарихы сөз болғанда жерлес заңгерлер қатарынан Жоғарғы Соттың төрағасы лауазымы қызметіне дейін өскен тұлғаларды атамай кетуге болмас. 1932-1934 жылдары РСФСР Жоғарғы Соты Қазақ бөлімінің төрағасы болған Қ.Құлетов, О.Адамбаев, Бекайдар Жүсіпов сынды зиялы заңгерлердің еңбегі ерен.

Жалпы, облыстық соттың жаңа тарихи кезеңі 1938 жылы Қызылорданың облыс ретінде құрылуымен байланысты. Сол 1938 жылдың 4 наурызында облыстық сот құрылды. Осы кезеңнен бері Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін жариялағанға дейінгі уақытта отандық сот жүйесі бірнеше мәрте реформаланып, өзінің тарихи даму кезеңдерінен өтті. Сот істерін конституциялық талапқа сай жүргізуге заңгер-қайраткерлер, судьялар табанды қызмет атқара білген.

1992 жылы қабылданған сот туралы заң жоғарғы соттың, облыстық, қалалық және аудандық соттардың сот төрелігін жүзеге асыру үшін бекітілді. Заң қабылданғаннан кейінгі 30 жыл ішінде сот жүйесі реформалар мен жаңғыртулардың бірнеше кезеңінен өтті. Жаңа заңдар азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды күшейтті, сот жүйесінің тәуелсіздігін нығайтты.

Өлке тарихына көз салсақ, өзінің даму жолында заманға сай үнемі жетіліп, жаңғыра түскен облыстық сотта әр кезеңде қызмет атқарған аға ұрпақ өкілдеріне құрметіміз шексіз. Сала ардагерлерінің сіңірген еңбегі мен жасаған игі істері кейінгі ұрпаққа үлгі. Аға буынның сара жолында әділдіктің туын берік ұстап, заңды бұлжытпай орындау арқылы халыққа қызмет жасау – әрбір сот судьясының қастерлі міндеті.

Ұлттық құрылтайдың алғашқы отырысында: «Әділдік – әрқайсымыздың бойымызда болуы тиіс құнды қасиет. Әділетті Қазақстанды құрамыз десек, әділдік жолы ең қиын жол екенін ұмытпауымыз керек» деп атап өткен болатын. Міне, сол Мемлекет басшысы айтқан әділетті Қазақстанның алғашқы қадамы да сот жүйесін реформалаудан басталмақ.

Еліміз егемендік алғаннан кейін де сот жүйесін реформалау аясында оң өзгерістер жасалды. Бұл өзгерістер Қызылорда облыстық сотын да айналып өткен жоқ. «Елу жылда ел жаңа», елімізде тәуелсіз сот жүйесін құру бағытындағы бастамалар облыстық сот саласына айтулы жаңалықтар мен серпілістер әкелді.

**Сәуле ӨТЕГЕНОВА,**
**Қызылорда қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының судьясы**

# ЖАҢА ӨЗГЕРІСТЕР ЖҰМЫСТЫ ІЛГЕРІЛЕТЕДІ

**Жариялылық – мемлекеттік және басқа да басқару институттардың іс-әрекетінің ашықтығы, ақпараттың кең таралуы, ұйымдар, мекемелер мен лауазымды тұлғалардың азаматтарға ашықтығы, қоғамдық пікірді анықтау және есептеу, қабылданған шешімдерді жариялау.**

Сонымен соттағы жариялық пен ашықтықты қамтамасыз етуде жасалынған шараларға тоқталып өтсем.

Соттардың басты міндеті – сот төрелігін уақтылы әрі сапалы түрде жүзеге асыру. АПК-ның 19-бабында азаматтық істерді талқылау барлық сот сатыларында ашық жүргізіледі. Сот актілері жария түрде хабарланады.

Тек қана мемлекеттік құпия болып табылатын мәліметтері бар шешімді жариялауды қоса алғанда, жеке өмірге қолсұғылмаушылықты, жеке, отбасылық, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны сақтауды қамтамасыз ету қажет болса не ашық талқылауға кедергі келтіретін өзге де мән-жайлар болса іске қатысатын адамның өтініш хаты бойынша немесе соттың бастамасы бойынша жабық сот отырысында азаматтық іс қаралуы және шешілуі мүмкін.

Жеке хат жазысу және өзге де жеке хабарлар өздеріне қатысты адамдардың келісімімен ғана ашық сот отырысында жария етілуі мүмкін. Мұндай келісім болмаған жағдайда хат жазысу мен хабарлар жабық сот отырысында жария етіледі және зерттеледі.

Іске қатысатын және басқа да адамдардың, оның ішінде ашық сот отырысына қатысып отырған бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің сот отырысының барысы бойынша жазбалар жасауға, оны залда отырған орындарынан аудиожазу құралдарының және цифрлық жеткізгіштердің көмегімен жазып алуға құқығы бар. Сот талқылауы залында киноға және фотоға түсіруге, бейнежазба жасауға, тікелей радио- және телетрансляция жүргізуге, интернеттің ақпараттық-коммуникациялық желісінде бейнетрансляция жүргізуге соттың рұқсатымен және іске қатысатын адамдардың пікірі ескеріле отырып жол беріледі. Бұл әрекеттер сот отырысының қалыпты өтуіне кедергі келтірмеуге тиіс және сот оларды уақыт жағынан шектеуі мүмкін.

БАҚ өкілдері мен басқа да тұлғалардың ашық сот отырыстарына қатысуына мүмкіндігі бар. Бұл барлық ниет білдірушілердің мәжіліс залына еркін кіруін қамтамасыз ете отырып, сотта процестер ашық түрде жүзеге асырылады.

Алайда «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» ҚР Заңының 25-бабына сәйкес азаматтардың немесе ұйымдардың (мемлекеттік органның, азаматтардың қоғамдық, шығармашылық, ғылыми, діни не өзге де бірлестігінің және заңды тұлғалардың) ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін, шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді тарату, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы сотқа ықпал жасау Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жауаптылыққа әкеп соғатынына назарда ұстаған жөн.

**Дархан КЕНТБАЕВ,**
**Қызылорда қалалық сотының төрағасы**

# ӨТЕМІСҰЛЫ МАХАМБЕТ БАТЫР

*Жалғасы. Басы өткен санда.*

Қарсы шығып орысқа,
Дайын болып ұрысқа.
Ыстық жаз бен бір қыста,
Шабуылдады шығысқа.

Отарлаушы саясат,
Кімді, нені аямақ?
Жазылады ердің қанымен,
Ерлік деген баянат.

Қабанбай мен Бөгенбай,
Секілді батыр бабадан.
Махамбеттей көшбасшы,
Арыстан туған абадан.

Найзасына қан қатқан,
Тұралап жау жан жатқан.
Тұрады ерлік мәңгілік,
Жыр шумақ пен тармақтан.

Орынбордың түрмесін,
Ердің көзі көрмесін.
Сындыра алмай сағын еш,
Патша берген бір кесім.

Патшаның бақырғанын-ай,
Әтештің шақырғанындай.
Ер бар ма жердің бетінде?
Қазақтың батырларындай.

Қорқақтың өзі сол патша,
Әскерге сеніп тұрмақ па?
Еш өлім үрей әкелмес,
Соғыста жүрген солдатқа.

Түрмеден шығып Махамбет,
Маңғыстау елін мекендеп.
Біршама ғұмыр кешеді,
Елі үшін талай еленде п

Ақпейіл асыл қазағым,
Көрмеген бар ма азабың?!
Батырлар туды елінде,
Көрсетіп ерлік ғажабын.

Махамбет пенен Исатай,
Астына мінген тұлпар тай.
Қамалын жаудың талқандап,
Жүйткіген екен сұңқардай.

Оқтары дәлдеп дарыған,
Кезі жоқ мойып қажыған.
Өлгенде Жәңгір мойындап,
Құлаған екен тағынан.

Тарланым жырын жазғанда,
Ұйқысыз өткен таңдарда.
Махамбет батыр күн кешті,
Қолдары жетіп арманға.
Жәңгір хан өлген шағында,

Бір оқтық деген ақырғы,
Зұлымдық түнін шақырды.
Жендетті жолдап қолымен,
Өлтірген екен батырды.

Ол туған ғажап ұлы өңір,
Жазылған тарих ұлы жыр.
Махамбет бірақ қазақтың,
Жүрегінде әлі тірі тұр.

Көрініп жырдың төрінен,
Қолдауды тапқан елінен.
Жырларында да күрескен,
Үстем тап өкілдерімен.

Кешігіп күннің бейнетін,
Көре алмай ерлік зейнетін.
Халқы үшін қайран хас батыр,
Бастаған еді ел көшін.

Жаманды шеттеп жасырған,
Жақсының сөзін асырған.
Батырды сөзін күйттеген,
Айналдым қазақ асылдан.

Жалындап тұрар өрқашан.
Махаббат жыры мәңгілік.

Күйші ақын әрі батыл жан,
Әр сөзі тұрған нақылдан.
Жылаған жендет баласы,
Кезінде ердің ақырған.

Жанартау жалын жанары,
Байқатқан ойлы дананы.
Махамбет ақын елінің,
Жадында мәңгі қалады.

Байрағым деген аттандап,
Жеңістен мұрат тапқан бақ.
Еңбек таудай ұлы ер,
Істерін әркез атқармақ.

Көрмеген ешбір төмендеп,
Отаны үшін еленде п.
Қазаққа ғана бұйырған,
Өтемісұлы Махамбет!

Баймағанбет сұлтан жанында.
Патша боп өзі сайланып,
Отырған екен орынға.

Талайды баурап таң қылып,
Жырлардың отын жандырып.

**Алтынай БЕРІК,**
**М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің студенті**

## ҚАЗАҚСТАН ҚҰРАМАСЫ FIFA РЕЙТИНГІНДЕ ЖОҒАРЫЛАДЫ

**FIFA жарияланған жаңа рейтингте Қазақстан ұлттық құрамасы сегіз сатыға көтеріліп, 104-орынға жайғасты. Мұндай жағымды жаңалық ұйымның ресми сайты мен БАҚ-та жарияланып, отандық футбол жанкүйерлерін серпілтті.**

Айта кетейік, қазақстандық футболшылар маусым айында 2024 жылғы Европа чемпионатына іріктеу сатысында сырт аланда Сан-Марино (3:0) және Солтүстік Ирландияны (1:0) қапы қалдырған еді.

Ел құрамасы сынға түсетін Н тобында Дания -19, Финляндия - 54, Словения - 60, Солтүстік Ирландия - 64, Сан-Марино - 211 орында тұр.

Жаңартылған рейтингте Аргентина көш басында тұрса, одан кейінгі орындарда Франция мен Бразилия келеді.

## ТУР ДЕ ФРАНСҚА ҚАТЫСАДЫ

**Astana Qazaqstan Team велокомандасы әлемдегі ең басты жарыс - «Тур де Франста» өнер көрсетеді.**

– «Тур де Франс» веложарысы 1-23 шілде аралығында өтеді. Турнир 1 шілдеде Бильбаода басталып, 23 шілдеде Париждегі Елисей алаңында аяқталады.

Astana Qazaqstan Team командасының мүшелері: Алексей Луценко (Қазақстан), Евгений Федоров (Қазақстан), Марк Кавендиш (Ұлыбритания), Кейс Бол (Нидерланд), Давид Де Ла Крус (Испания), Луис Леон Санчес (Испания), Джанни Москон (Италия), Харольд Техада (Колумбия).

Жарыстың спорт директорлары: Александр Шефер (Қазақстан), Дмитрий Фофонов (Қазақстан), Стефано Занини (Италия).

## ЖАС ӨРЕНДЕР ЖЕҢІСІ

**Қарағанды облысы, Спасск оқу жаттығу орталығында Астана қаласының 25 жылдығына орай «АЙБЫН-2023» IX Халықаралық әскери-патриоттық жастар жиыны Сыр елі үшін сүйінші жаңалығымен келді. Кіл мықтылар бас қосқан жиында облыс атынан «Сыр айбыны» құрама командасы қатысып, аймақ намысын абыройлы қорғады. Бұл жолы біздің жас сарбаздар алтынды мойынға тағып, еңсемізді бір көтеріп тастады.**

Жыл сайын дәстүрлі түрде өткізілетін сайысқа еліміздің 20 өңірінен 43 команда қатысып, 645 жасөспірім алты күн бойы сынға түсті. Өзбекстан, Әзірбайжан мемлекетінен әскери дайындығы мықты командалар қатысып, бақ сынады.

«Айбын дарыны», «Айбын жұлдызы», «Смарт сарбаз» интеллектуалдық және шығармашылық қабіметтерімен сынға түсіп, әскери-қолданбалы спорт түрлерінен сайысты. Пневматикалық винтовкамен жатып нысана ату, АК-74 оқу қаруын жартылай бөлшектеу/жинақтау, жалпы әскери қорғаныш жиытығын уақытқа кию, әскерилендірілген эстафета, кермеде тартылу, шалқалап жатып денені көтеру және арқан тарту сынды нормативтерді орындады. Сонымен бірге қазақтың ұлттық ойындарын насихаттау мақсатында тоғызқұмалақ, садақ ату сынды ойындардан шеберлік байқасты.

«Сыр айбыны» құрама командасының сапында Жаңақорған ауданынан 3 оқушы болып, керемет өнер көрсетті. Олар № 164 орта мектептің 11 сынып оқушысы – Төрехан Өтегенұлы. Жетекшісі – Ғалымжан Қошқаров. № 192 орта мектеп 11 сынып оқушысы – Шәрібек Саят Таңатбекұлы, жетекшісі – Арман Егембердиев және № 213 орта мектеп 11 сынып оқушысы,"Сыр айбыны" командасының командирі Сайдбаттал Әбдіқадырұлы, жетекшісі – Ербол Бекаев.

**Бетті дайындаған: Берен ШАҒЫРОВ**

## ТІЛШІЛЕР ДОП ТЕПКЕН КҮН

**Қызылорда қаласы әкімінің жүлдесі үшін журналистер арасында шағын футболдан республикалық турнир өтті. Додаға Астана, Атырау, Түркістан, Шымкент, Қызылорда қаласынан 8 команда қатысып, қаламгерлер өзара мықтыны анықтады. Турнирдің ашылу салтанатында қала әкімі Асылбек Шөменов сөз сөйлеп, сәттілік тіледі. Сонымен қатар «Қазақпарат» халықаралық ақпарат агенттігінің Қызылорда облысындағы меншікті тілшісі, спорт журналисі Әділжан Үмбет жылы лебіз білдірді.**

Қызылорда қаласы әкімдігінің ұйымдастыруымен биыл екінші мәрте байрағын көтерген бұл турнирдің мақсаты – салауатты өмір салтын насихаттау, әріптестік және достық қарым-қатынасты нығайту. Өткен жылы бастау алған журналистердің сайысы биыл да тартысты өтті. 12 сағатқа созылған дода әлеуметтік желілер арқылы тікелей эфирден де көрсетіліп, арнайы фоторепортаждар қала әкімдігінің әлеуметтік желідегі парақшаларына жүктелді.

Топтық кезеңнен сүрінбей өткен «Қазмедиа», «Qaz365.kz» және «Атырау», «Шымкент» командалары жартылай финалға шықты. Олардың арасынан бас жүлдені сарапқа салған «Қазмедиа» «Qaz365.kz» командасын жеңіп, республикалық турнирдің чемпионы атанып, 1 000 000 теңге қаржылай сыйлыққа ие болды. Екінші орын алған «Qaz365.kz» 700 мың, қола жүлдегер атанған «Атырау» 350 мың теңгеге қол жеткізді.

Турнирдің «Үздік ойыншысы» номинациясымен 6 гол салған атыраулық Қайсар Жетпісбай марапатталса, «Қоғам ТВ» командасының ойыншысы Ержан Батыршаев «Үздік шабуылшы» деп танылды.

Сонымен қатар «Шымкент» командасының ойыншысы Айбек Қабылша «Үздік қақпашы» атанса, турнирдің «Үздік қорғаушы» аталымымен Түркістан облысынан келген Самат Сүлей марапатталып, қаржылай жүлде тапсырылды. Еліміздің түкпір-түкпірінен келген жүзге жуық БАҚ өкілінің басын қосқан турнирге қатысушылар қонақжай Сыр жұртшылығына ризашылықтарын білдірді. Осылайша, жаңалықтың жаршысы, жақсылықтың хабаршысы болып, қоғамдық ахуалдың алғы шебінде жүретін айрықша кәсіп иелері спорттан да құр алақан емес екенін көрсетті.



## ЗІЛТЕМІР: СЫР СПОРТЫНЫҢ САҢЛАҒЫ

**Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарында аймақта ауыр атлетика өркен жая бастады. Бүгінде талай таланттың танылуына жол ашқан Вилорий Пак сол кезде ел ішінен зілтемір көтеруге бейім жас өрендерді тауып, оларды қиын да қызықты спорт түріне баулыды. Осы бір уақытта Қызылорда жұртшылығы Асқар Меңдияров есімді бозбаланың болашағынан үлкен үміт күтті.**

Қарапайым қазақ баласы үшін ауыр атлетика таңсық спорт түрі еді. Бірде Асқар білім алатын мектепке аймаққа белгілі бапкер Вилорий келді. Оң-солын енді танып келе жатқан өрендерге өзі жетекшілік ететін үйірменің қыр-сырын айтып берді. Бұл кезде Асқар небәрі он жаста екен. Ата-анасымен ақылдаса келе ауыр атлетика үйірмесінің есігін ашты. Қасында Ғалым, Ғани, Талант, Талғат, Ардақ есімді достары бар. Талантты тани білетін бапкер Вилорий оларды құшақ жая қарсы алды. Ұғымтал ұландарға асықпай ауыр атлетиканың қызығы мен қиындығы жайлы айтып берді.

– Біздің балалық шағымызда қазіргідей қарыштап дамыған техника жоқ. Бар көретініміз – теледидар. Көгілдір экраннан көптеген спорт түрлерінен жарыстар жайлы көрсетеді. Сол сәтте біз Анатолий Храпатый есімді қазақстандық ауыр атлетті жанымызға жақын тартамыз. Сан алуан сайыста сыр бермеген саңлақ талай жүлдеге қол жеткізді. Олимпиаданың алтынды мен күміс медалін мойынға тақты. Әлем чемпионатында бес мәрте алтын, екі мәрте қола алды. Өзге де жарыстарда жетістікке жетті.

Храпатый біз секілді өрендерге өнеге болды. Одан бұрынғы жылдарда да Олимпиада чемпионы атанған темірталаулық Юрий Зайцев (1976, Монреаль), шахтинскілік Виктор Мазин (1980, Мәскеу) сынды саңлақтар болды. Біз солар секілді болуға ұмтылдық, – дейді Асқар.

Алғаш рет чемпион атанғанда небәрі 12 жаста болатын. 1987 жылы Арқалық қаласында өткен ел біріншілігінде жеңімпаз тұғырынан көрінді. Бұл толағай табыстарға қол созған өренге қанат бітіріп, алдағы күндерге үлкен үмітпен қарауына жол ашты. Одан кейінгі кезеңде жасөспірімдер мен жастар арасында тоғыз мәрте ел чемпионы атанды. Ал 1994 жылы Қырғызстан астанасы Бішкек қаласында өткен Орта Азия елдері жарысында өзінің мықтылығын танытты. Арада бір жыл өткенде Ресейдің Санкт-Петербург қаласында жалауын желбіреткен Тәуелсіз мемлекеттер достас¬тығы елдері спартакиадасында күміс жүлдегер атанды. Бұл жылдарда біздің елімізде ауыр атлетика спорты енді-енді өркенін жайып келе жатқан кезі еді. Бапкерлер Асқарды ересектер арасындағы ұлттық құрамаға қабылдауға ниет білдірген. Десе де, жарақатына байланысты жарыс жолын жалғастыра алған жоқ. 1996 жылы бапкерлік қызметке бет бұрды.

Жергілікті халық көп жылдарға дейін ауыр атлетиканың қыр-сырын түсіне қойған жоқ. Ауыл баласы негізінен оң жамбасына келетін күрес түрлерін таңдайтын. Олардың көбісі облыс орталығында орналасқан Жалаңтөс баһадүр атындағы спорттағы дарынды балалар мектеп-интернатына түсуге келетін. Бұл жерде кез келген өренді бірден қабылдай қоймайды. Түрлі сынақтар болады. Содан сүрінбей өткен баланың аталған білім ордасында тәлім алуына мүмкіндік туады.

– Қашанда талантты жас¬тарға кенде емеспіз ғой. Әрине, әркімнің қабілет-қарымын бағалауың тиіс. Біз дарынды ұландарды кейде кездейсоқ кездестіріп жатамыз. Спортшы тәрбиелеу оңайға соқпайды. Шәкіртің толайым табысқа кененіп жатса, қандай ғанибет?! Барлық бапкер сол жолда тынбай тер төгеді. Қазір Алмас Өтешовті жанкүйерлер жақсы біледі. Ол әуелгіде күреспен айналысқан болатын. Оның болмысбітіміне қарап ауыр атлетикаға ыңғайлы екенін байқаған едік. Біздің берген ақыл-кеңесімізден кейін зілтемір көтерудің қыр-сырын меңгерді. Алмас үмітімізді ақтады, Әлем және Азия чемпионаттарында қоржынға жүлде салды. Азия ойындарында да топтың алдынан көрінді, – деді Асқар.

Осы ғасырдың алғашқы он-он бес жылдығында Сыр өңірінің ауыр атлетикасында талай талантты жастар бой көрсетті. Жергілікті бапкерлер Айбол және Жеңіс Алдабергеновтер, Роман Русяновский, Дәурен Шаутеев, Жомарт Жарасбаев сынды саңлақтар сан алуан сайыстарда жеңімпаздар қатарынан көрінді. Өмір сәттілік пен сәтсіздіктен тұрады емес пе?! Олардың кейбірінің бағы жанбаған шығар. Ендігі бірінің бабы келіспеді ме екен? Десе де, олардың жолын жалғаған өрендер қатары бүгінде де аз емес. Кейінгі жылдарда Әділбек Балқаев, Есенгелді Сәпи, Рахат Бекболат сынды үздіктер шықты.

– Соңғы уақытта әлемдік жарыстарда Рахаттың есімі жиі аталады. Солай болатын да жөні бар. Ауылдың қара топырағын кешіп өскен ол өзі қатысқан жарыстарда үнемі алдыңғы лектен көрініп жүр. Тіпті, әлемдік рекорды жаңартып, тәмам елді таңырқатып қойды. Ендігі кезекте Рахат секілді дарынды ұландарға барынша қамқорлық көрсетілуі тиіс. Спортшының бабында болуы – басты талап. Қажетті тағамдар және витаминмен қамтамасыз етпеніміз дұрыс. Осындай қолдаудың нәтижесінде еліміздің спорт көгінде талай таланттар жарқырай түседі, – деді Асқар әңгімесін одан әрі өрбітіп.

Оның айтуынша, әлемде спорт саласына да саясаттың салқыны тиіп жатқан жайы бар. Жер-жаһандағы іргелі елдердің арасындағы қырғи-қабақ көзқарас кейбір белгілі спортшылардың жолын байлайды. Қазір бірқатар ауыр атлеттер қан құрамынан допинг табылды деген желеумен үлкен спорттан шеттетілді. Мұндай келеңсіз жағдай қазақстандық жастарға да кедергісін келтірді. Асқар спортшы әр жарысқа қатысар алдында бірнеше мәрте тексеруден өтетінін тілге тиек етті.

– Солардың барлығында таза шыққан таланттарға қалайша бірнеше жылдан кейін допинг пайдаланды деген байлам жасалады? Бұл – ешбір логикаға сыймайтын түсініксіз жағдай. «Осындай қисынсыз жағдайға байланысты көптеген жастар үлкен спортпен қош айтысты. Әрине, алдағы уақытта әлемде бұған байланысты оң шешім қабылданады деген үміттенемін. Сонда ғана спортшылар әділетті жолмен жеңіске жетеді, – деді ол.

Асқар шетелден легионерлер алдыртуға байланысты ұстанымға мүлдем қарсы екенін айтады. Бұл еліміздің спорт саласын дамытуға көп кедергісін келтіреді.

– Мұндай жағдай ауыр атлетика саласында көп кездесті. Қазір де өзге елдерден шақыруға әуеспіз. Олар төменгі жалақыға келмейді. Бұл мақсатта қыруар қаржы жұмсалады. Сондықтан ойланғанымыз дұрыс. Ақшаны балалар мен жасөспірімдер спортын дамытуға жұмсағанымыз абзал. Ол өз жемісін береді. Оның орнына өзге елден білікті бапкер алып келген пайдалы. Қазақстандық жанкүйерлер түркиялық Әнвер Туркелери деген маманды жақсы біледі. Талай талантқа ақжол сілтеген ол еліміздің ауыр атлетика құрамасына кеңесші ретінде ұзақ жылдар бойы еңбек етті. Білікті бапкер әрбір шәкіртінің мүмкіндігін толықтай біледі. Сол арқылы жүйелі жұмыс жүргізді. Кейінгі жылдарда қазақстандық ауыр атлеттердің Әлем және Олимпиада секілді додаларда топ жарғанын сол кісінің өлшеусіз еңбегінің жемісі деп санаймын, – деді Асқар сөзін одан әрі жалғап.

Оның айтуынша, бұрынғы кезең мен қазіргі уақыттағы спорт саласының дамуын салыстыра алмайсың. Ертеректе жағдай оңай болмады. Жарысқа жол қаражат табудың өзі қиынға соғатын. Басқа да кедергілі аз болған жоқ. Бүгінде мұндай түйткілдің барлығы өзінің шешімін тапты. Әлемнің қай қиырындағы додаға бару үшін мемлекет тарапынан қамқорлық көрсетіледі. Сан алуан сайыстарда жеңіс тұғырынан көрінген саңлақтарға елге келгеннен кейін қомақты сыйақы беріледі. Бұрын спортшылар мұндай қолдаудан тыс қалып келді. Ал Олимпиада чемпионы мен жүлдегеріне мемлекет тағайындаған арнайы сыйлықтар тағы бар.

# ЖЕТІСТІККЕ ЖЕТЕЛЕГЕН АҚ АРМАН

**Ақылдың ажар-көркін білім деп бағалаймыз. Өйткені сананың сәулеленіп, ой-өрістің дамуы үшін оқудың маңызы зор. Білім жолында үйренуді, ізденуді тоқтатпаған жанның бағындырар белесі биік болмақ. Мұндайда қағида мен ұстанымның берік болғаны да керек.**

Себебі «сен тұр, мен атайын» деген кілт мықтының арасынан сауатымен суырылып шығып, ақылымен білім алаңында топ жару оңай емес. Табандылық пен тапқырлық тоғысып, ұтқырлық пен ұшқыр ой үйлескенде діттеген мұратқа жетуге болады. Дамуда бөгелмейтін Ақжайық Тәжі де арман-мақсатына елеулі еңбектің, білімнің арқасында жетіп келеді.

Жерлесіміз Бакуде өткен халықаралық жобада жүлдеге ие болды. I Халықаралық зерттеушілер байқауына Қазақстан және өзге де шет ел мемлекеттерінен 120-ға жуық жас ғалымдар қатысқан. Байқау 3 кезеңнен тұрды.

Қатысушылар алғашқы кезеңде 72 сағатта ғылыми мақалаларды дайындау туралы вебинарға қатысса, келесі кезеңде Алматы қаласы, Абай атындағы ҚазҰПУ-дан ішкі рецензент, ҚР ЖОО-дан рецензент, шетелдік рецензент қатысуымен үздік ғылыми жобаға сараптау жүргізілді. Үшінші кезеңде – Баку қаласы, Khazar University және Әзірбайжан мемлекеттік педагогикалық университетінің базасында өткен «Шығыс-Батыс: Бедел мен әлеуеті» ғылыми басылым редакторларының Бірінші Еуразиялық халықаралық форумында байқаудың жеңімпаздары анықталды.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің студенті Ақжайық Тәжі үш кезеңнен де сүрінбей, финалда III-орынды иемденді. Оның ғылыми еңбегі халықаралық деңгейде «Eurasian Scientific and Methodological Journal “East-West”» басылымына жарияланады және арнайы дипломмен марапатталды. Әлемдік деңгейде именбестен білім-білігін сынаған Ақжайықтың ғылыми жетекшісі-педагогика ғылымдарының докторы, профессор Шарбан Майгелдиева.

– Жалпы байқаудың талабы өте жоғары болды. Себебі жоба Гарвард стилінде болуы міндетті еді. Әрі ағылшын тілінде өткізілді. Ағылшын тілін жетік меңгерген жас ғалымдар оның ішінде магистранттар мен докторанттар қатысты. Ғылыми жобаны даярлауға 4 ай көлемінде уақыт кетті. Яғни, ерекше қажеттілігі бар балалардың мінез-құлқының оңтайлы деңгейін қамтамасыз ету стратегиялық бағдарламасы жасалды. Негізі жобаны жүзеге асырмас бұрын тәжірибе жүргізіп, тақырыпты да солай таңдау керек. Эксперименттік тәжірибем «Асыл мирас» аутизмі бар балаларды қолдау орталығы және N6 есту қабілеті бұзылған балалардың арнайы (түзету) мектеп интернатында өтті. Алдағы уақытта тек Қызылорда қаласында емес, басқа өңірлерге тәжірибе жасап, дамыту ойымда бар, – деді Ақжайық.

Таңдаған саласына тез бейімделіп, мамандығының қыр-сырын меңгеруге ұмтылу жетістікке жетелейтіні сөзсіз.

Төрт жылдағы білімі басекеде басып озуға сеп болып, жобасы үздіктердің қатарына іліну қуанарлық жайт, жағымды жаңалық. Педагогика-психологияның әдіс-тәсілін үйреніп, жіті зерттегені еңбекте енжар еместігін дәлелдеді. Сондықтан балаларға бағыттаған бастамасы жемісін беретіні анық.

– Менің ең бірінші мамандығым – емдеу ісі. Бұрын медициналық колледжде білім алдым және медицина саласына жақындығы бар психология саласын таңдадым. Алдағы уақытта медициналық мекемелерге педагог-психолог болып жұмысқа тұру жоспарымда бар.

Медицина саласында тәжірибеде жүрген кезде көп нәрсе түйдім. Мәселен, адамдарға ең бірінші медициналық емнен бұрын психологиялық қолдау аса қатты қажет екенін түсіндім. Яғни қолдау көрсетіп, мотивация беру және оның ішкі күйін түсіне біліп, бағыт-бағдар беру маңызды. Ауырып жатқан науқасқа жылы жүзбен қарап, алдағы өміріне талпынысын жоймау үшін күш-жігер беру оларға үлкен қуаныш сыйлайды екен, – деді ол.

Тіршіліктің тірегі білім мен денсаулық десек, әсіресе бала жанының сау болғаны маңызды. Тәжірибе негізінде жоба жасап, ғылыми жаңалығын көпке ұсыну мамандығының мақсатын айқындай түсті. Әрі Ақжайық бойашақ маман ретіндегі парызын парасатпен түсіне білгені көңілге қуаныш ұялатты.

**Замира ДАСТАНҚЫЗЫ**

# ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖӘНЕ АДАМЗАТ

Әлем инновациялық тұрғыда қарыштап даму үстінде. Бұған дәлел қоғамның күнделікті тұрмыстық жабдығына айналған электронды гаджеттер, діттеген жеріне лезде жеткізетін транспорттар және адам санасынан аспаса, кем түспейтін, қоғам қолданысынан ерекше орын алған – жасанды интеллект. Заман талабына сай жасалған түрлі функцияларды атқаруға қабілетті соңғы онжылдықтағы күллі ғаламның басты жетістігі саналатын жасанды сананың көмегімен қандай да бір объекттің сызбасын сызу, біраздан бері көкейде жүрген сұрақтың жауабын бір мезетте білу, алға қойған мақсатыңа стратегия жасау қиындық туғызбайды.

Тек интернет қолжетімді болса жеткілікті. Осы орайда өткен жылдың 22-ші қарашасында жарыққа шыққан су жаңа ChatGPT платформасы жайында атап өтпесек болмайды.

Соңғы жылда танымалдылыққа ие болған бот көптің көңілінен орын алды. Боттың көмегімен белгілі бір текстті қалаған тілге аударуға немесе тақырыпты енгізу арқылы әртүрлі ақпарат көзін ашатыңыз, лезде мақала дайындауға болады. Википедияның сөзіне сүйенсек, соңғы екі айда платформаның аудиториясы 100 миллион адамға жеткен. Бағдарламаның соңғы жаңарған версиясы осы жылы қолданысқа енді. «ChatGPT-4» деп аталатын бот тек қана мәтін жазумен қоймай, қиялдан туындаған кез-келген қиындықтағы арт-дизайнды ешқандай жабдықтың көмегінсіз дайындап береді. Қытай, АҚШ, Жапония сынды адуынды державалар болашаққа нық қадам басу мақсатында жасанды интеллектті миллиардтап инвестициялап жатыр. Мәселен, Қытай социалистік-демократиялық республикасы 2030 жылға дейін аталған жобаға шамамен 150 миллиард доллар қаражат құюды мақсат етіп отыр.

Біршама телеарналар мен баспасөз қызметкерлері жасанды интеллектінің пайдасы мен келешектегі орны жөнінде жарыса жазу үстінде. Алайда аталған тақырыпқа сыни көзқараспен қарап, ауқымды мәселенің негативті тұстарын зерттегендер некен-саяқ. Жаңалықты ойлап тауып, игілігін көретін де, зардабын тартатын да адам екенін атап өттік. Жасанды интеллектінің қандай зардабы бар? Айта кету керек, жасанды интеллектінің қолданушы аудиториясының көп бөлігі жастардан тұрады. Себебі, үй жұмысын орындау немесе презентация жасау үшін нейрожүйе таптырмас құрал. Жасөспірімдер арасында ерекше танымалдылыққа ие болған Тик-Ток платформасын ChatGPT-дың көмегімен университет бітіруші студенттердің дипломдық жұмыстарын бір түн ішінде орындап, қорғап жүргенін көріп жүрміз. Дипломдық жұмыстың болашақ маман үшін маңыздылығының аса жоғары екені бәрімізге белгілі. Оны қорғау арқылы 4 жылда жинаған теориялық білімің мен осы күнге дейінгі практикалық тәжірибең анықталады. Ал өз мүддесі үшін қаншама жылдық ізденісті талап ететін, өз болашағыңның шешімін жасанды санаға сеніп тапсырып, жауапкершіліктен қашқан жастардан елдің дамуына септігін тигізетін маманның шығуы неғайбыл. Нейросананың адамзатқа тигізер зардабы жайында тілге тиек етіп жүргендер аз емес. Мәселен, әйгілі олигарх, әлемдегі ең бай адам болып есептелетін кәсіпкер әрі инженер Илон Маск мындаған ғалымдар мен футурологтардың басын қосып, аталған мәселені БҰҰ-на хат жолдау арқылы қозғаған болатын. Ғалымдардың басты позициясы мынадай. Айтулариншa, әскери күштерге нейрожүйе қондырудың кесірінен қолданыстағы қарулы күштер қойылған бағдарламадан босаңсып, бейсаналы түрде кенеттен шабуыл жасауы мүмкін.

Жақында Бельгияда елеулі оқиға орын алды. Бельгиялық эколог, ғалым 2 ай бойы жасанды интеллектімен екеуара диалог құрған. “L’Avenir” басылымының зерттеуі бойынша, ер адам экологиялық апаттың шешімін табудың жолын іздеген. Бертін келе аталған мәселеден қорғанудың бірден-бір жолын жасанды санамен сөйлесу арқылы табамын деген ниетпен Элиза атты ботпен әңгіме-дүкен құрады. Екі айға созылған тұрақты қарым-қатынастың нәтижесінде ер азамат өз-өзіне қол жұмсаған. Аталған жағдай Бельгия халқын дүр силкіндірді. Нәтижесінде билік нейросананың қарқындап дамуын жіті қадағалау керек екенін алға тартып, заң жүзінде жасанды интеллект қызметін бәсеңдеткен.

**Айтілес ЖАЙШЫЛЫҚ**

**Жылдар жылжып, техника тілін табу жеңілдеген сайын адамзат баласына қол жетпестей қиын көрінген мүмкіндіктер күнделікті тұрмыстың бір бөлігіне айналды. Жаңалық жасаушы, тың идеяларды ойлап табушы – адам. Зиянын шегетін де – адам.**

## ЖАҢАЛЫҚ - ЖОРАМАЛ

(1-8 шілде)

**Тоқты**

Сіздің көп және тиімді жұмыс істей алатыныңызға ешкім күмәнданбайды, алайда жұмысты бөліп беруді де білу маңызды. Ісіңізді сапалы жаңа деңгейге шығару үшін инвестор, ресурс, серіктестер тартуды ойластырыңыз. Бұл апта мүлік немесе қажетіңізді алуға қолайлы.

**Торпақ**

Әлеуметтік белсенділік және кәсіби қызмет үшін қолайлы апта. Сіз энергияңыздың артқаны, басқа адамдардың сізге деген назарын сезесіз. Бұл аптада ұсынылған идея немесе ұсыныстардың бірі сіз үшін ұзақ мерзімді жобаға айналуы әбден мүмкін.

**Егіздер**

Бұл аптаның мүмкіндіктерін барынша көп пайдалануға тырысыңыз. Өміріңіздің маңызды саласында, мысалы, жұмыста немесе отбасылық өмірде жаңа бастамалар болуы мүмкін. Қиындықтардан және жоғары жауапкершіліктен қорықпаңыз, сіздің энергетикалық күшіңіз жоғары. Егер шыдамды және әдепті болсаңыз, мойныңыздағы жүктеменің бір бөлігін өзіне алғысы келетін адамды кездестіресіз.

**Шаян**

Бұрын уақыт жетпеген екінші кезектегі істерді ретке келтіруге көбірек уақыт бөлу маңызды. Қазір көп табыс табу мүмкіндігі аз, сондықтан қолыңыздағы бар ресурсты тиімді жұмсауға тырысыңыз. Апта туыстармен араласуға және балаларға уақыт бөлуге қолайлы.

**Арыстан**

Бұл аптада сізге оңай соқпайды, өз-өзіңізбен жұмыс істеу талап етіледі. Қандай жағдай болсын, өмірге мұңайып қарамаңыз және басқалардың жайлылығын бұзбай, жағдайға қарай әрекет етуге тырысыңыз.

**Бикеш**

Сізге өмір шектен тыс тапсырма беріп қойғандай және адал еңбегіңіз үшін марапаттауға асықпайтындай көрінуі мүмкін. Мақтау күтпей, жақсы орындалған ісіңіздің лөззат алуды үйреніңіз. Пессимизмге берілмеңіз! Егер қиын болып кетсе, кішкентай қадамдармен асықпай алға жылжыңыз.

**Таразы**

Бұл апта сізді мазалайтын мәселелердің шешімін табуға қолайлы. Шығармашылық жағынан жақсы идеялар келеді. Кез келген іске басқа жағынан қарауға тырысыңыз. Сол кезде балама шешім табуыңыз мүмкін.

**Сарышаян**

Тұрмыстық істерге, отбасылық міндеттерге, жақын адамдарыңызбен араласуға уақыт бөлуді ұмытпаңыз. Белсенді демалыс, саяхаттау, отбасыңызбен бірге кірісетін кез келген жұмыс сіздерді жақындатып, өзара қарым-қатынасыңызды жақсартады. Қазір басқаларға қамқорлықпен жылулықты қаншалықты көп берсеңіз, орнына соншалықты аласыз.

**Мерген**

Бұл аптада әуреге салынасыз. Жұмыс өте көп болады және айналаңыздағы адамдар сізге өз проблемаларын итермелеуге тырысады. Кейде өтініштерге “жоқ” деп айта білу де маңызды. Жалғыз қалуға уақыт табуға тырысып, өзіңіздің ішкі қажеттіліктеріңізді түсініңіз.

**Тауешкі**

Бұл – іштей өсу, ойлану, даму, терең анализ жасау, өзін-өзі түсіну және өмірлік күш жинау. Жаңа энергия толқыны сізді жаңа жұмыс бастауға немесе саяхатқа шығуға итермелейді. Алдыңғы айда бастаған шығармашылық идеяңызды толығырақ өңдеуге қолайлы апта.

**Суқұйғыш**

Пікірлес адамдармен көбірек уақыт өткізуге тырысыңыз және өзара тиімді серіктестік ізденіз. . Білім алуға жақсы кез, себебі қазір кез келген ақпаратты жақсы меңгеріп аласыз. Егер шығармашылық іспен шұғылданатын болсаңыз, ойыңызға келген барлық идеяны жазып жүріңіз. Олар кейін керек болады.

**Балықтар**

Бұл аптада таңдау жасау оңай болмайды. Ұйымшылдық қажет. Идеяларыңызды тәжірибеде қолдануға, оның пайдасын түсінуге мүмкіндік туады. Жұмыстарыңызда кедергілер мен кідірістер болуы мүмкін, бірақ бұл уақытша. “Сабыр түбі – сары алтын” – сіздің осы аптадағы ұраныңызға айналу тиіс.

Кезекші редактор: З.ҚОНЫСЖАН

АҚМЕШІТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген.
«Ақмешіт жастары» облыстық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.

**Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**

**БАС ДИРЕКТОР** Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакциясын компьютер орталығында теріпіп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 /7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 /7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Қабылдау бөлмесі: тел/факс: 40-11-10

**БАС РЕДАКТОР** Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
**e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru**
**Instagram: @aqmeshiit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz**

**Таралымы: 6931**
**Тапсырыс: 1037**